Wi-Fi Direct арқылы компьютеріңізді немесе мобильді құрылғыңызды принтерге тікелей қосып, сымсыз түрде басып шығаруға болады – компьютеріңізді немесе мобильді құрылғыңызды бұрыннан бар сымсыз желіге қоспай.

Wi-Fi Direct туралы қосымша ақпарат алу үшін www.hp.com/go/wifidirectprinting веб-сайтына кіріңіз.



ЕСКЕРТПЕ:

- Принтердегі Wi-Fi Direct параметрі қосылып тұруы керек. Тексеру үшін EWS серверін ашып ([Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз), **Network** (Желі) қойындысын басып, **Wi-Fi Direct** тармағын таңдаңыз.
- Wi-Fi Direct байланысы арқылы ең көбі 5 компьютер мен мобильді құрылғыны принтерге қосуға болады.

Принтердің басқару панелінен Wi-Fi Direct функциясын қосу немесе өшіру

1. Құралдар тақтасын ашу үшін принтер дисплейінің Басты экранының жоғарғы жағындағы  қойындысын түртіңіз немесе төмен сырғытыңыз, содан кейін Wi-Fi Direct  түймесін түртіңіз.
2. **Реттеу**  түймесін түртіңіз.
3. Егер Wi-Fi Direct байланысы **өшірулі** болса, оны қосу немесе өшіру үшін Wi-Fi Direct жанындағы ажыратып-қосу түймесін түртіңіз.

Wi-Fi Direct атауын немесе құпиясөзін табу

Принтер дисплейінің Басты экранында Wi-Fi Direct  белгішесін бассаңыз, Wi-Fi Direct атауы мен құпиясөзі көрсетіледі.

Windows компьютері арқылы басып шығару

[HP+ принтерлеріне қойылатын талаптар](#) бөлімінде келтірілген талаптарды қарап шығыңыз.

1. HP Smart қолданбасын орнатқаныңызға және оны принтерге қосқаныңызға көз жеткізіңіз. [Басып шығару, сканерлеу және басқару үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз](#) бөлімін қараңыз.
2. Басып шығарғыңыз келетін құжатты ашыңыз.
3. Бағдарламалық құралдың **File** (Файл) мәзірінен **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
4. **Свойства** (Сипаттар) диалогтық терезесін ашатын түймені басыңыз.
Бағдарламалық құрал қолданбасына байланысты бұл түйме **Properties** (Сипаттар), **Options** (Опциялар), **Setup** (Реттеу) немесе **Preferences** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
5. Принтердің таңдалғанын тексеріңіз.
6. Кез келген басып шығару параметрлерін өзгертіңіз де, **OK** түймесін басыңыз.
7. Тапсырманы басып шығару үшін **Print** (Басып шығару) немесе **OK** түймесін басыңыз.

Мас компьютерінен басып шығару

[HP+ принтерлеріне қойылатын талаптар](#) бөлімінде келтірілген талаптарды қарап шығыңыз.

1. HP Smart қолданбасын орнатқаныңызға және оны принтерге қосқаныңызға көз жеткізіңіз. [Басып шығару, сканерлеу және басқару үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз](#) бөлімін қараңыз.
2. Қосылғаннан кейін, басып шығарғыңыз келетін құжатты ашып, **Print** (Басып шығару) пәрменін пайдаланыңыз.
3. Қажетті принтердің таңдалғанын тексеріңіз.
4. Кез келген басып шығару параметрлерін өзгертіңіз.
5. Құжатты басып шығару үшін **Print** (Басып шығару) түймесін басыңыз.

5 Көшірме жасау, сканерлеу және мобильдік факс жіберу

Бұл бөлімде көшіру, сканерлеу және мобильдік факс мүмкіндіктері сипатталған.

Көшіру

Бұл тақырып түпнұсқа көшірмесін жасау жолын сипаттайды.

Құжатты немесе жеке куәліктің көшірмесін көшіру

1. Кіріс науасына қағаздың салынғанын тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Қағазды салу](#) бөлімін қараңыз.
2. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканер әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып қойыңыз.
3. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Көшіру** түймесін басыңыз.
4. **Құжат** немесе **Айқындау картасы** таңдаңыз.
5. Пернетақта арқылы көшірмелер санын енгізіңіз немесе басқа параметрлерге өзгерту жасаңыз.

 **КЕҢЕС:** Келешектегі тапсырмалар үшін параметрді әдепкі ретінде сақтау үшін, **Көшіру параметрлері**  түймесін түріңіз де, **Save Current Settings (Ағымдағы параметрлерді сақтау)** пәрменін таңдаңыз.

6. **Көшіру**  түймесін түртіңіз.

Scan (Сканерлеу)

Құжаттарды, фотосуреттерді және басқа да қағаз түрлерін сканерлеуге және оларды компьютер немесе электрондық хабар алушысы секілді тағайындалған әр түрлі орындарға жіберуге болады.

Құжаттарды HP принтерінің бағдарламалық құралымен сканерлеген кезде іздеуге және өңдеуге болатын пішімде сканерлеуге болады.

Жиексіз түпнұсқаны сканерлеу кезінде құжатты беретін құралын емес, сканер әйнегін пайдаланыңыз.

 **КЕҢЕС:** Құжаттарды өңделетін мәтін ретінде сканерлеу сияқты жоғарғы деңгейлік HP Smart қызметінің рахатын көру үшін HP Smart Advance қызметіне тіркеліңіз. Қосымша ақпаратты hpsmart.com сайтынан қарауға болады.

Компьютерге сканерлеу

Компьютерге сканерлемес бұрын HP принтерінің ұсынылған бағдарламалық құралы орнатылғандығын тексеріңіз. Принтер мен компьютер жалғанған және қосулы болуы қажет.

Қосымша, Windows компьютерлерінде сканерлеуге қатысты принтердің бағдарламалық құралын іске қосу қажет. [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\)](#) бөлімін қараңыз.

Құжаттарды өңделетін мәтінге сканерлеу үшін HP принтерінің бағдарламалық құралын пайдалануға болады.

Принтердің басқару құралынан компьютерге түпнұсқаны сканерлеу

Сканерлемес бұрын принтердің әлдеқашан компьютерге қосылғанын тексеріңіз.

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. Басқару тақтасынан **Scan (Сканерлеу)** түймесін түртіп, **Компьютер** параметрін таңдаңыз.
3. Компьютер атауын таңдаңыз.
4. **Send (Жіберу)**  түймесін түртіңіз.

Компьютерге сканерлеу мүмкіндігін қосу (Windows)

Принтер компьютерге USB қосылымы арқылы қосылған болса, компьютерге сканерлеу мүмкіндігі әдепкі бойынша қосылады және оны ажырату мүмкін емес.

Желі қосылымын пайдаланып жатсаңыз, мүмкіндік өшірулі болса және оны қайта қосу қажет болса, осы нұсқауларды орындаңыз.

1. HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Басып шығару, сканерлеу және факс** түймесін, кейін **Scan (Сканерлеу)** түймесін басыңыз.
3. **Компьютерге сканерлеуді басқару** параметрін таңдаңыз.
4. **Қосу** түймесін басыңыз.

Жад құрылғысына сканерлеу

Компьютерсіз немесе HP принтерінің бағдарламалық жасақтамасынсыз принтердің басқару тақтасынан тікелей USB жад картасына сканерлеуге болады.

 **ЕСКЕРТУ:** Принтер флэш-жад құрылғысына кірген кезде оны принтердің USB портынан алмаңыз. Бұл USB флэш-жад құрылғысындағы файлдарды зақымдауы мүмкін. USB портының шамы жыпылықтап тұрмағанда ғана USB флэш-жады құрылғысын қауіпсіз түрде алуға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтер шифрланған USB флэш дискісіне қолдау көрсетпейді.

Құжаттарды өңделетін мәтінге сканерлеу үшін HP Smart қолданбасын немесе HP принтерінің бағдарламалық құралын пайдалануға да болады. Жазылым рәсімдеу қажет болуы мүмкін.

Түпнұсқаны принтердің басқару құралынан жад құрылғысына сканерлеу

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. USB жад картасын салыңыз.
3. **Scan (Сканерлеу)** түймесін түртіңіз, содан соң **USB** параметрін таңдаңыз.

4. Қажет болғанда, сканерлеу опцияларына өзгертулер енгізіңіз.
5. **Send** (Жіберу)  түймесін түртіңіз.

HP сандық шешімдерін орнату

HP Digital Solutions бағдарламасын HP принтерінің бағдарламалық құралынан (Windows 7) аша алатын бағдарламалық құрал шеберлерінің көмегімен орната аласыз.

Сондай-ақ, HP сандық шешімдерін реттеу үшін принтердің Embedded Web Server (EWS) пайдалануға болады. EWS серверін пайдалану туралы қосымша ақпаратты [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімінен қараңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер принтерді тек IPv6 желі ортасында пайдалансаңыз, сандық шешімдерді EWS серверін пайдаланып реттеу керек.

HP сандық файлын орнату

HP сандық файлын реттеу үшін тиісті нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сондай-ақ, болашақта параметрлерді өзгерту үшін мына қадамдарды пайдалануға болады.

Желілік қалтаға сканерлеуді орнату

Келесі нұсқалардың бірін қолдана отырып, әр принтер үшін 10-ға дейін мақсатты қалталарды теңшей аласыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Желілік қалтаға сканерлеуді пайдалану үшін пайдаланатын қалтаны желіге қосылған компьютерде жасау және реттеу керек. Қалтаны принтердің басқару тақтасынан жасау мүмкін емес. Сондай-ақ, қалта параметрлері оқу және жазу қатынасын қамтамасыз ететіндей орнатылғанын тексеріңіз. Желіде қалталарды жасау және қалта параметрлерін орнату туралы қосымша ақпарат алу үшін операциялық жүйенің құжаттамасын қараңыз.

Желілік қалтаға сканерлеуді реттеуді аяқтағаннан кейін HP бағдарламалық құралы конфигурацияларды принтерге автоматты түрде сақтайды.

HP принтерінің бағдарламалық құралы арқылы Embedded Web Server (EWS) серверінен

1. HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Басып шығару, сканерлеу және факс** астындағы **Scan (Сканерлеу)** түймесін басыңыз.
3. **Scan to Network Folder Wizard** (Желілік қалтаға сканерлеу шебері) опциясын басыңыз.

(HEMECE)

Веб шолғыш арқылы Embedded Web Server (EWS) серверінен

1. Embedded Web Server (EWS) ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Scan (Сканерлеу)** қойындысындағы **Scan to Network Folder** (Желілік қалтаға сканерлеу) опциясын басыңыз.

3. Жаңа жылдам орнату параметрлерді жасау үшін сол жақ мәзірден **Quick Sets** (Жылдам орнатулар) опциясын таңдап, қосу белгісін (+) басыңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Әр мақсатты қалта үшін сканерлеу параметрлерін реттеуге болады.

4. Желілік қалта туралы қажет ақпаратты енгізгеннен кейін желілік қалта сілтемесі дұрыс жұмыс істейтінін тексеру үшін **Apply and Test** (Қолдану және тексеру) түймесін басыңыз. Енгізілген нәрсе **Quick Sets Settings** (Жылдам орнату параметрлері) бетінің астындағы кестеге қосылады.

SharePoint сайтына сканерлеу

Бұл тақырып құжаттарды SharePoint бағдарламасына сканерлеу әдісін сипаттайды.

Embedded Web Server (EWS) SharePoint бағдарламасына сканерлеу мүмкіндігін баптау

1. Embedded Web Server (EWS) ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Scan** (Сканерлеу) қойындысында **Scan to SharePoint** (SharePoint-қа сканерлеу) опциясын басыңыз.
3. Жаңа жылдам орнату параметрлерді жасау үшін сол жақ мәзірден **Quick Sets** (Жылдам орнатулар) опциясын таңдап, қосу белгісін (+) басыңыз да, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.
4. SharePoint туралы қажет ақпаратты енгізгеннен кейін SharePoint-қа алып баратын сілтеменің дұрыс жұмыс істейтінін тексеру үшін **Apply and Test** (Қолдану және тексеру) түймесін басыңыз. Енгізілген нәрсе **Quick Sets Settings** (Жылдам орнату параметрлері) бетінің астындағы кестеге қосылады.

Басқару тақтасынан SharePoint бағдарламасына сканерлеу

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. Басты экранда **Scan** (Сканерлеу) белгішесін түртіңіз, содан кейін **SharePoint** түймесін түртіңіз.
3. Сканерленетін файл атауын енгізу үшін **File Name** (Файл атауы) түймесін түртіңіз, сосын **Done** (Дайын) түймесін түртіңіз.
4. Сканерлеу параметрлерін өзгерту үшін **Setup** (Баптау)  түймесін түртіңіз.
5. Сканерленген құжатты алдын ала қарау үшін **Preview**  (Алдын ала қарау) түймесін түртіңіз.
6. Құжатты SharePoint түрінде сақтау үшін **Send** (Жіберу)  түймесін түртіңіз.
7. Сканерлеу аяқталған кезде **Finish** (Аяқтау) түймесін түртіңіз немесе басқа бет қосу үшін **Add Page** (Бет қосу) түймесін түртіңіз.

Электрондық поштаға сканерлеу

Бұл тақырып сканерлеу және электрондық поштаға жіберудің әр түрлі опцияларын сипаттайды.

Сканерлеу функциясы арқылы электрондық поштаға сканерлеу

Алдымен электрондық пошта мекенжайларын орнату қажет және одан кейін құжаттарды сканерлеп, электрондық поштамен жіберіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Электрондық поштаға сканерлеуді орнату үшін, желіге қосылған компьютер қажет.

1. Басты экранда **Scan (Сканерлеу)** белгішесін түртіңіз, содан кейін **Email (Электрондық пошта)** түймесін түртіңіз.
2. **Email Profile Not Set Up (Электрондық пошта профайлы орнатылмаған)** экранында **Next (Келесі)** түймесін түртіңіз.
3. **Using the HP Software Installed on a Computer (Компьютерде орнатылған HP бағдарламалық құралын пайдалану)** немесе **Using a Web Browser (Веб-шолғышты пайдалану)** түймелерін түртіп, электрондық пошта профайлын орнату үшін экрандағы хабарды орындаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Электрондық поштаға сканерлеу мүмкіндігін орнату](#) бөлімін қараңыз.

Сканерленген құжатты немесе фотосуретті электрондық пошта арқылы жіберу

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. Басты экранда **Scan (Сканерлеу)** белгішесін түртіңіз, содан кейін **Email (Электрондық пошта)** түймесін түртіңіз.
3. Пайдаланылатын электрондық пошта тіркелгісін растап, **Continue (Жалғастыру)** түймесін түртіңіз.
Электрондық пошта тіркелгісін өзгертуді қаласаңыз, **Address Book**  (Мекенжайлар кітапшасы) түймесін түртіп, пайдаланылатын электрондық пошта тіркелгісін таңдаңыз да, **Continue (Жалғастыру)** түймесін түртіңіз.
4. **To (Кімге)** өрісіне алушының электрондық пошта мекенжайын енгізіңіз.
Немесе **Address Book (Мекенжайлар кітапшасы)**  түймесін түртіп, жіберілетін электрондық пошта тіркелгісін таңдап, **Continue (Жалғастыру)** түймесін түртіңіз.
5. **Subject (Тақырып)** өрісіне электрондық пошта тақырыбын енгізіңіз.
6. Сканерленген фотосуретті немесе құжатты алдын ала қарау үшін **Preview**  (Алдын ала қарау) түймесін түртіңіз.
Параметрді өзгерту үшін **Scan Settings (Сканерлеу параметрлері)**  түймесін түртіңіз.
7. **Send (Жіберу)** түймесін түртіңіз.
8. Сканерлеу аяқталған кезде **Finish (Аяқтау)** түймесін түртіңіз немесе басқа бет қосу үшін **Add Page (Бет қосу)** түймесін түртіңіз.

HP Smart (iOS/Android, Windows 10 және одан кейінгі және macOS) арқылы сканерлеу

HP Smart қолданбасын құжаттарды не суреттерді принтер сканерінен сканерлеу үшін пайдалана аласыз, сондай-ақ құрылғы камерасымен де сканерлеуге болады. HP Smart құрамында сканерленген кескінді сақтау не бөлісу алдында оны реттеуге мүмкіндік беретін өңдеу құралдары қамтылады. Сканерленген құжаттарды басып шығаруға, жергілікті түрде немесе бұлт қоймасында сақтауға, электрондық пошта, SMS, Facebook, Instagram, т.б. арқылы бөлісуге болады. HP Smart арқылы сканерлеу үшін пайдаланылатын құрылғы түріне байланысты төмендегі сәйкес бөлімдегі нұсқауларды орындаңыз.

- iOS/Android: www.hp.com/go/hpsmart-help
- Windows 10 және одан кейінгі: www.hp.com/go/hpsmartwin-help

- macOS: www.hp.com/go/hpsmartmac-help

Веб-сканерлеу көмегімен сканерлеу

Интернетте сканерлеу веб-браузер арқылы компьютерге принтерден фотосуреттерді және құжаттарды сканерлеуге мүмкіндік беретін Embedded Web Server мүмкіндігі болып табылады.

Бұл мүмкіндік компьютерде принтер бағдарламалық құралын орнатпағанда да қол жетімді болады.

Қосымша ақпарат алу үшін [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Әдепкіше интернетте сканерлеу мүмкіндігі өшірулі болады. Осы мүмкіндікті енгізілген веб-серверден (EWS) қосуға болады.

EWS серверіндегі Интернетте сканерлеуді ашу мүмкін болмаса, желі әкімшісі оны ажыратқан болуы мүмкін. Қосымша ақпарат алу үшін желі әкімшісімен немесе желі орнатқан маманмен байланысыңыз.

Веб-сканерлеуді қосу

1. Embedded Web Server ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Security** (Қауіпсіздік) бөлімін басыңыз, содан кейін **Administrator Settings** (Әкімші параметрлері) түймесін таңдаңыз.
4. Интернетте сканерлеу мүмкіндігін қосу үшін **Webscan from EWS** (EWS құралынан интернетте сканерлеу) параметрін таңдаңыз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

Веб-сканерлеу арқылы сканерлеу

Интернетте сканерлеу мүмкіндігі арқылы сканерлеу негізгі сканерлеу опцияларын ұсынады. Қосымша сканерлеу опцияларын немесе функционалдылығын алу үшін HP принтерінің бағдарламалық құралынан сканерлеңіз.

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. Embedded Web Server ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
3. **Scan** (Сканерлеу) қойындысын басыңыз.
4. Сол жақ мәзірден **Scan to Computer** (Компьютерге сканерлеу) бөлімін басып, одан кейін **Webscan** (Веб арқылы сканерлеу) түймесін таңдаңыз.
5. Кез келген қажет параметрлерді өзгертіп, **Start Scan** (Сканерлеуді бастау) түймесін түртіңіз.



КЕҢЕС: Құжаттарды өзгертуге болатын мәтін ретінде сканерлеу үшін HP принтерінің бағдарламалық құралын орнатыңыз.

Сәтті көшіру және сканерлеу туралы кеңестер

Өңделетін мәтін ретінде сканерлеу (OCR) сияқты басқа сканерлеу тапсырмалары туралы ақпарат алу үшін hp.com/plus-support бетіне кіріңіз

Мобильдік факс

Мобильдік құрылғыдан немесе компьютерден бірден бірнеше бетті жылдам сканерлеу және факстеу үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз.

Мобильдік факс жіберу туралы толығырақ ақпарат алу үшін [HP Smart веб-сайтына](#) өтіңіз.

HP Smart қолданбасында мобильдік факсті пайдалану

1. Мобильдік құрылғы немесе компьютер желіге қосылғанын тексеріңіз. HP Smart қолданбасын іске қосып, HP тіркелгісіне кіріңіз немесе оны жасаңыз.
2. Мобильдік факс плиткасын таңдаңыз.

Егер **Мобильдік факс** плиткасы көрінбесе, оны төменде көрсетілген жолмен қосыңыз:

- Мобильдік құрылғыда: **Плиткаларды жекелендіру** опциясын түртіңіз, плитканы қосу үшін **Мобильдік факс** ауыстырып қосқышын басыңыз, содан кейін Негізгі экранға қайтыңыз.
- Windows 10 және одан кейінгі операциялық жүйелері бар құрылғыларда: **Параметрлер** бөлімін басып, **Плиткаларды жекелендіру** опциясын таңдаңыз, содан кейін плитканы қосу үшін **Мобильдік факс** ауыстырып қосқышын басыңыз. Содан кейін Негізгі экранға қайтыңыз.
- Мас құрылғысында: Мәзір жолағынан **HP Smart > Personalize Tiles** (Плиткаларды жекелендіру) опциясын таңдаңыз. Мобильдік факс опциясын **On** (Қосулы) ретінде орнатыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Мобильді факс белгілі бір елдерде/аймақтарда ғана қолжетімді. Егер Жекелендіру мәзірінде Мобильдік факс опциясын көрмесеңіз, мобильдік факс еліңізде/аймағыңызда қолжетімді болмауы мүмкін.

3. Мобильдік факс туралы қажетті ақпаратты толтырыңыз.
4. Мұқаба қосу үшін **Add a cover page** ауыстыру түймесін түртіңіз, одан кейін тақырып пен хабарды теріңіз.
5. Принтер немесе мобильдік құрылғы камерасымен факс арқылы жібергіңіз келетін элементті сканерлеңіз немесе қолдау көрсетілетін файл түрін тіркеңіз. Дайын болғанда факсті жіберіңіз.

Факс сенімді жеткізіледі және оның күйін HP Smart қолданбасында бақылай аласыз.

6 Факс

Принтерді факс жіберу және қабылдау үшін қолдануға болады. Факстарды кейінірек 24 сағаттың ішінде жіберілетін етіп жоспарлауға және жиі жіберілетін нөмірлерге факстарды жылдам әрі оңай жіберу үшін телефон кітапшасының контактілерін орнатуға болады. Сондай-ақ, принтердің басқару тақтасынан жіберілетін факстердегі ашықтық және қараңғылық арасындағы контраст пен ажыратымдылық сияқты факс опцияларының бірнешеуін орнатуға болады.



ЕСКЕРТПЕ: Факсты жібермес бұрын принтерді факс жіберу үшін дұрыс орнатқаныңызды тексеріңіз. Принтердің басқару тақтасынан факсты орнату сынағын іске қосу арқылы факстың дұрыс орнатылғанын тексеруге болады.

Факс жіберу

Жағдайға немесе қажеттілігіңізге байланысты факсты түрлі жолмен жіберіге болады.

Қалыпты факсты жіберу

Принтердің басқару панелінен бір бетті факс немесе көп бетті факс жібере аласыз.



ЕСКЕРТПЕ: Жалғыз бетті факстерді бастапқысын әйнекке қою арқылы жіберіңіз. Құжатты беру құралын пайдалану арқылы бірнеше бетті факстерді жіберіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Факстардың сәтті жіберілгені туралы басып шығарылған растау қажет болса, факсты растауды факстарды жібермес бұрын қосыңыз.

Принтердің басқару тақтасынан стандартты факс жіберу

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
3. **Қазір жіберу** түймесін түртіңіз.
4. Пернетақтаны қолдану немесе телефон кітапшасынан таңдау арқылы факс нөмірін енгізіңіз.



КЕҢЕС: Енгізілетін факс нөміріне үзілісті қосу үшін, * түймешігін дисплейде тире (-) көрсетілгенше басыңыз.

5. **Жіберу**  түймесін түртіңіз.

Егер принтер құжатты беретін құралға түпнұсқаның салынғанын анықтаса, ол құжатты енгізілген нөмірге жібереді.



КЕҢЕС: Алушы жіберілген факстың сапасына қатысты мәселені хабарласа, факстың ажыратымдылығын немесе контрастын өзгертіп көріңіз.

Қалыпты факсты компьютерден жіберу

Құжатты басып шығармай компьютерден тікелей факспен жіберуге болады.

Осы мүмкіндік пайдалану үшін HP принтерінің бағдарламалық құралы компьютерге орнатылғанын, принтердің жұмыс істейтін телефон желісіне жалғанғанын, факс функциясының орнатылғанын және дұрыс жұмыс істеп тұрғандығын тексеріңіз.

Компьютер арқылы стандартты факс жіберу (Windows)

1. Факс жіберілетін компьютердегі құжатты ашыңыз.
2. Бағдарламалық құралдың **Файл** (Файл) мәзірінде **Печать** (Басып шығару) түймесін басыңыз.
3. **Название** (Аты) тізімінен атауында **«факс»** делінген принтерді таңдаңыз.
4. Параметрлерді өзгерту үшін **Свойства** (Сипаттар) тілқатысу терезесін ашатын түймешікті басыңыз. Бағдарламалық құрал қосымшасына байланысты бұл түймешік **Свойства** (Сипаттар), **Опции** (Опциялар), **Установка принтера** (Принтерді орнату), **Принтер** (Принтер) немесе **Предпочтения** (Таңдаулы параметрлер) деп аталуы мүмкін.
5. Параметрлерді өзгерткеннен кейін **ОК** түймесін басыңыз.
6. **Печать** (Басып шығару) немесе **ОК** түймесін басыңыз.
7. Алушы үшін факс нөмірін және басқа мәліметтерді енгізіп, факс үшін басқа да параметрлерді өзгертіңіз және **Отправить факс** (Факс жіберу) түймесін басыңыз. Принтер факс нөмірін теруді және құжатты факс арқылы жіберуді бастайды.

Факсты телефоннан жіберу

Факсты қосымша телефонмен жіберуге болады. Бұл факсты жібермес бұрын алушымен сөйлесуге мүмкіндік береді.

Факсты қосымша телефоннан жіберу

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. Принтерге қосылған телефондағы пернетақтаны қолдану арқылы нөмірді теріңіз.

Алушы телефон қоңырауына жауап берсе, алушыға факс сигналы естілгеннен кейін факс құрылғысынан факсты қабылдауы тиіс екендігін хабарлаңыз. Қоңырауға факс құрылғысы жауап берсе, факс құрылғысынан факстың дыбыстық сигналын естисіз.
3. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
4. **Қазір жіберу** түймесін түртіңіз.
5. Факсты жіберуге дайын болған кезде **Жіберу**  түймесін басыңыз.

Факс жіберіліп жатқанда телефон тыныш болады. Алушымен кейін сөйлескіңіз келсе, толық жіберілгенге дейін желіде болыңыз. Алушымен сөйлесіп болсаңыз, факс жіберіліп бастаған кезде телефон тұтқасын көтеруіңізге болады.

Мониторда теруді қолдану арқылы факс жіберу

Мониторда теруді қолданып факс жіберген кезде, теру сигналдарын, телефон ескертулерін немесе басқа дыбыстарды принтердегі үндеткіш арқылы есітуге болады. Бұл теру кезінде ескертулерге жауап беру, сондай-ақ, терудің жылдамдығын басқару мүмкіндіктерін қосады.

 **КЕҢЕС:** Телефон картасын қолданып жатсаңыз, PIN кодты жеткілікті жылдам енгізбеңіз, принтер факстың дыбыстық сигналдарын тым жақын арада жіберуі мүмкін және ол PIN кодтың телефон картасының қызметі арқылы танылмауын туғызуы мүмкін. Осындай жағдай туындаса, телефон картасына арналған PIN кодты сақтау үшін телефон кітапшасының контактісін жасауға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Дыбыстық сигналды есіту үшін дыбыстың қосылып тұрғанын тексеріңіз.

Принтердің басқару тақтасында мониторда теруді қолдану арқылы факс жіберу

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
3. **Қазір жіберу** түймесін түртіңіз.
4.  **Жіберу** түймесін түртіңіз.
5. Теру дыбыстық сигналын естігенде, принтердің басқару панеліндегі пернетақтаны қолдану арқылы нөмірді енгізіңіз.
6. Туындауы мүмкін кез келген ескертулерді орындаңыз.

 **КЕҢЕС:** Факс жіберу үшін телефон картасын пайдаланып жатсаңыз және телефон картасының PIN кодын телефон кітапшасының контактісі ретінде сақтаған болсаңыз, PIN кодты енгізу сұралғанда, **Телефон кітапшасы**  түймесін түртіңіз, сосын PIN код сақталған телефон кітапшасының контактісін таңдау үшін **Жергілікті телефон кітапшасы** түймесін түртіңіз.

Факс құрылғысының жауаптарын алған кезде факс жіберіледі.

Принтер жадын пайдалану арқылы факс жіберу

Жадқа қара және ақ түсті факсты сканерлеуге және одан кейін факсты жадтан жіберуге болады. Бұл мүмкіндік факс жіберуге әрекет жасалып жатқан факс нөмірі бос емес немесе уақытша қол жетімсіз болған кезде пайдалы. Принтер түпнұсқаларды жадқа сканерлейді және қабылданатын факс құрылғысына байланыс орнатылған кезде жіберіледі. Принтер беттерді жадқа сақтағаннан кейін, құжатты жүктейтін науадан немесе сканер әйнегінен түпнұсқаларды жылдам алып тастауға болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Жадтан тек қана қара және ақ түсті факсты жібере аласыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Сканер әйнегі арқылы принтердің жадына бірнеше бетті сканерлеп, содан кейін оларды факс арқылы жіберуге болады. Бұл мүмкіндікті ADF (Автоматты түрде беру) арқылы бері мүмкін болмаған кезде кітаптан немесе журналдан бірнеше бетті факс арқылы жіберу үшін пайдалануға болады.

Принтер жадын пайдалану арқылы факсті жіберу

1. **Сканерлеу және факс жіберу әдісі** қосулы екендігін тексеріңіз.
 - a. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
 - ә. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
 - б. Оны қосу үшін **Scan and Fax Method (Сканерлеу және факс жіберу әдісі)** түймесін түртіңіз.
2. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.

3. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
4. **Қазір жіберу** түймесін түртіңіз.
5. Пернетақтаны қолдану арқылы факс нөмірін енгізіңіз.

Немесе **Телефон кітапшасы**  түймесін, сосын **Жергілікті телефон кітапшасы** немесе **Қоңыраулар журналы** түймесін түртіп, терілетін нөмірді немесе топты таңдаңыз.

6. **Жіберу**  түймесін түртіңіз.

Принтер түпнұсқаларды жадқа сканерлейді және қабылданатын факс құрылғысы қол жетімді болған кезде факс жіберіледі.

Бірнеше алушыларға факс жіберу

Екі немесе одан да көп алушылардан тұратын топтық телефон кітапшасының контактісін жасау арқылы факсты бірнеше алушыларға жіберуге болады.

Топтық телефон кітапшасын қолдану арқылы бірнеше алушыларға факс жіберу

1. Түпнұсқаның басып шығарылатын бетін сканердің әйнегіне төмен қаратып немесе құжатты беретін құралға жоғары қаратып салыңыз.
2. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
3. **Қазір жіберу** түймесін түртіңіз.
4. **Телефон кітапшасы**  түймесін, одан кейін **Жергілікті телефон кітапшасы** түймесін түртіңіз.
5. Топтық телефон кітапшасына ауысу үшін **Телефон кітапшасы**  белгішесін түртіп, **Тобы**  түймесін басыңыз.
6. Жіберілетін топтың атауын түртіңіз.
7. **Жіберу**  түймесін түртіңіз.

Принтер құжатты таңдалған топтағы барлық нөмірлерге жібереді.

 **КЕҢЕС:** Алушы жіберілген факстың сапасына қатысты мәселені хабарласа, факстың ажыратымдылығын немесе контрастын өзгертіп көріңіз.

Факсты қатені түзету күйінде жіберу

Қатені түзету күйі қатені түзету күйі (ҚТК) тарату кезінде туындаған қателерді анықтау және қате бөлігін қайта таратуды автоматты түрде сұрау арқылы төмен телефон желілеріне байланысты деректерді жоғалтудың алдын алады. Телефон төлемдеріне әсер етілмеген немесе жақсы телефон желілерінде тіптен азайтылған болуы мүмкін. Байланысы төмен телефон желілерінде Қате түзету режимі жіберілетін уақыт пен телефон төлемдерін көбейтеді, бірақ деректерді сенімдірек жібереді. Әдепкі параметр **Қосулы** болып табылады. Телефон төлемдерін елеулі көбейтетін болса және азайтылған төлем үшін төменірек сапаны қабылдай алатын болсаңыз, Қате түзету режимін ажыратыңыз.

Қате түзету режимін ажырататын болсаңыз:

- Бұл – жіберілетін және қабылданатын факстардың сапасы мен тарату жылдамдығына әсер етеді.

- **Жылдамдық** параметрі автоматты түрде **Орташа** деп орнатылған.

Басқару тақтасын қатені түзету күйін өзгерту

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
4. **Қатені түзету күйі** тармағына айналдырып, мүмкіндікті қосу немесе өшіру үшін түртіңіз.

Факс қабылдау

Факстарды автоматты түрде және қолмен қабылдауға болады. **Авто жауап беру** параметрін өшірген болсаңыз, факстарды қолмен қабылдауыңыз қажет. **Авто жауап беру** қосулы болса (әдепкі параметр), принтер кіріс қоңырауларына автоматты түрде жауап беріп, **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрі арқылы көрсетілген қоңыраулардың санынан кейін факстарды қабылдайды. (Әдепкі **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрі бес қоңырау болады.)

Егер Legal немесе үлкен пішімдегі факсты қабылдасаңыз және принтер Legal пішімдегі қағазға ағымдық орнатылмаған болса, принтер факс көлемін салынған қағазға оның сәйкес етіп азайтады. **Автоматты түрде төмендету** мүмкіндігін ажыратсаңыз, принтер факсты екі бетте басып шығарады.



ЕСКЕРТПЕ: Факс келгенде құжатты көшіріп жатқан болсаңыз, факс принтердің жадында көшірме аяқталғанша сақталады.

Факсты қолмен қабылдау

Телефон желісінде болсаңыз, сөйлесіп отырған адам қосулы тұрса да факсты жібере алады. Сөйлесу үшін тұтқаны ала аласыз немесе факс дыбысын естисіз.

Принтердің артындағы Факс портына  тікелей қосылған телефоннан факстарды қолмен қабылдауға болады.

Факсты қолмен алу

1. Принтердің қосылып тұрғанын және кіріс науасына қағаз салынғанын тексеріңіз.
2. Құжаттарды жүктейтін науадан кез келген түпнұсқаны алып тастаңыз.
3. **Факс** (Факс), **Setup** (Баптау) және **Preferences** (Жеке параметрлер) түймесін түртіңіз.
4. Опциялар арқылы төменге жылжыңыз және принтер жауап бермей тұрғанда кіріс қоңырауына жауап беруге мүмкіндік беретін жоғарғы санға **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрін орнатыңыз. Немесе принтер автоматты түрде кіріс қоңырауына жауап бермес үшін **Авто жауап беру** параметрін өшіріңіз.
5. Жіберушімен бірге ағымдағы уақытта телефон байланысында болсаңыз, жіберушіге өз факс құрылғысындағы **Send (Жіберу)** түймесін басуын ескертіңіз.
6. Жіберіп жатқан факс машинасынан факс дыбысын естісеңіз, келесі әрекеттерді орындаңыз.
 - a. Факс алу үшін принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Accept** (Қабылдау) түймесін басыңыз.
 - ә. Принтер факсты қабылдауды бастағаннан кейін, телефон тұтқасын қоюға немесе желіде қалуға болады. Факс жіберіліп жатқанда телефон желісі тыныш болады.

Факстың сақтық көшірмесін жасауды орнату

Параметрлер және қауіпсіздік талаптарына байланысты, принтерді ол қабылдайтын барлық факстарды сақтайтындай, принтер қате орын алған күйде тұрғанда факстарды қабылдайтын немесе ешқандай факстарды қабылдамайтын етіп орната аласыз.

Принтердің басқару тақтасынан факстың сақтық көшірмесін жасауды орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
4. **Создать резервную копию факса** (Факстың сақтық көшірмесін жасау) түймесін басыңыз.
5. Қажетті параметрлерді түртіңіз.

Параметрлер	Сипаттама
Қосулы	Әдепкі параметр. Факстың сақтық көшірмесін жасау параметрі Қосулы болса, принтер барлық алынған факстарды жадта сақтайды. Бұл жадта әлі де сақталған болса, ең соңғы алынған факстардың 30 басып шығаруға мүмкіндік береді. ЕСКЕРТПЕ: Принтердің жады төмен болса, ол ескі, басып шығарылған факстарды жаңа қабылданған факстар ретінде жазады. Егер жад басып шығарылмаған факстармен толы болса, принтер факстың кіріс қоңырауларына жауап беруді тоқтатады. ЕСКЕРТПЕ: Тым мәліметтелген түсті фотосурет сияқты өте үлкен факсты қабылдаған болсаңыз, жадтың шектеулеріне байланысты ол жадта сақталмауы мүмкін.
Тек қате кезінде	Принтердің факстарды басып шығаруын болдырмайтын қате жағдайы бар болғанда ғана принтер жадта факстарды сақтайтын болады (мыс., принтердің қағаз жоқ кезде жұмыс істеуі). Жад қол жетімді болған кезде принтер кіріс факстарын сақтауды жалғастыра береді. Егер жад басып шығарылмаған факстармен толы болса, принтер факстың кіріс қоңырауларына жауап беруді тоқтатады. Қате жағдайы шешілген кезде, жадта сақталған факстар автоматты түрде басып шығарылады және оларды жадтан жояды.
Өшірулі	Факстар жадта ешқашан сақталмайды. Мысалы, қауіпсіздік мақсаттары үшін Факстың сақтық көшірмесін жасау параметрін өшіргіңіз келуі мүмкін. Принтердің басып шығаруын болдырмайтын қате жағдайы туындайтын болса (мыс., принтердің қағаз жоқ кезде жұмыс істеуі), принтер факстың кіріс қоңырауларына жауап беруді тоқтатады.

Қабылданған факстарды жадтан қайта басып шығару

Қабылданған, бірақ басып шығарылмаған факстар жад ішінде сақталады.



ЕСКЕРТПЕ: Жад толған кезде факстер жад ішінен басып шығарылмағанша немесе олар жойылмағанша жаңа факстерді принтер қабылдамайды. Қауіпсіздік және құпиялылық мақсаттары үшін де жадтағы факстарды жоюды қалауыңыз мүмкін.

Жадта әлі де сақталған болса, ең соңғы басып шығарылған факстардың 30-на жуығын қайта басып шығара аласыз. Мысалы, соңғы баспаның көшірмесін жоғалтқан болсаңыз, факстарды қайта басып шығару қажет болуы мүмкін.

Принтердің басқару тақтасынан жадтағы факстарды қайта басып шығару

1. Кіріс науасына қағаздың салынғанын тексеріңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Қағазды салу](#) бөлімін қараңыз.
2. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.

3. **Қайта басып шығару** түймесін түртіңіз.

Факстар кері ретпен басып шығарылады, яғни соңғы алынған факс бірінші басып шығарылады, одан соң одан алдыңғысы және тағы солай.

4. Факсты таңдау үшін түртіп, **Print** (Басып шығару) түймесін түртіңіз.

Факстарды басқа нөмірге қайта жіберу

Принтерге факстарды басқа факс нөміріне қайта жіберу мүмкіндігін орнатуға болады. Барлық факс бастапқы жіберілген түріне қарамастан, қайта жібергенде ақ-қара болады.

HP компаниясы номерді сіз жұмыс істеп жатқан факс желісіне қайта жіберіп жатқан желі екендігін тексеруді сұрайды. Факс құрылғысының қайта жіберілген факстарды қабылдау мүмкіндігін тексеру үшін сынақ факсты жіберіңіз.

Принтердің басқару тақтасынан факстарды қайта жіберу

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
4. **Пересылка факса** (Факсты қайта жіберу) түймешігін басыңыз.
5. Факсты басып шығарып, одан кейін қайта жіберу үшін, **Вкл (Печать и пересылка)** (Қосу (Басып шығарып және қайта жіберу)) параметріне айналдырып, оны таңдаңыз немесе факсты қайта жіберу үшін **Вкл (Пересылка)** (Қосу (Қайта жіберу)) түймешігін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Принтерде факсты тағайындалған факс құрылғысына қайта жіберу мүмкіндігі болмаса (мысалы, ол қосулы болмаса), принтер факсты басып шығарады. Қабылдап алынған факстар үшін қате есептерін басып шығару үшін принтер орнатылмаса, ол да қате есебін басып шығарады.

6. Сұралғанда, қайта жіберілген факстарды қабылдап алуға мақсатталған факс құрылғысының нөмірін енгізіңіз және **Дайын** белгішесін басыңыз. Келесі сұраулардың әрқайсысы үшін қажетті ақпаратты енгізіңіз: басталу күні, басталу уақыты, аяқталу күні және аяқталу уақыты.
7. Факсты қайта жіберу іске қосылды. Растау үшін **ОК** түймесін басыңыз.

Факсты қайта жіберу орнатылған кезде принтер қуаты өшірілсе, ол факсты қайта жіберу параметрі мен телефон нөмірін сақтайды. Принтердің қуаты қалпына келтірілгенде, факсты әрі қарай жіберу параметрі әлі **Қосулы** күйде болады.



ЕСКЕРТПЕ: **Факсты әрі қарай жіберу** мәзірінен **Өшірулі** параметрін таңдау арқылы факсты әрі қарай жіберуді болдырмауға болады.

Кіріс факстарына автоматты түрде кішірейту параметрін орнату

Автоматты түрде төмендету параметрі салынған қағаз өлшемі үшін алынған факс өлшемі тым үлкен болса, принтердің келесі әрекетін анықтайды. Әдепкі бойынша параметр қосулы болады, сондықтан кіріс факсының суретін бетке сәйкестендіру үшін мүмкін болса, кішірейтіледі. Осы мүмкіндік өшірулі болса, бірінші бетке сыймаған ақпарат екінші бетте басылып шығарылады. **Автоматты түрде төмендету** параметрі A4/хат пішімді факстен үлкенірек факсты алған кезде және кіріс науасына A4/хат пішіміндегі қағаз салынған кезде пайдалы.

Принтердің басқару тақтасынан автоматты түрде кішірейтуді орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
4. **Автоматты түрде төмендету** тармағына айналдырып, мүмкіндікті қосу немесе өшіру үшін түртіңіз

Қалаусыз факс нөмірлерін блоктау

Телефон провайдері арқылы қоңырау шалушының идентификаторына жазылған болсаңыз, принтер осы нөмірлерден алынған факстарды қабылдамайтындай етіп нақты факс нөмірлерін блоктауға болады. Кіріс факсы қабылданғанда, принтер қоңырауды блоктау қажеттігін анықтау үшін нөмірді қалаусыз факс нөмірлерінің тізімімен салыстырады. Нөмір блокталған факс нөмірлері тізіміндегі нөмірге сәйкес келсе, факс басып шығарылмайды. (Блоктауға болатын факс нөмірлерінің ең үлкен саны үлгіге байланысты әр түрлі болады.)



ЕСКЕРТПЕ: Мүмкіндікке барлық елдерде/аймақтарда қолдау көрсетілмейді. Еліңіз/аймағыңыз мұны қолдамайтын болса, **Қалаусыз факсты блоктау Жеке параметрлер** мәзірінде пайда болмайды.



ЕСКЕРТПЕ: Ешбір телефон нөмір Қоңырау шалушының идентификатор тізіміне қосылмаса, бұл Қоңырау шалушының идентификатор қызметіне жазылмадыңыз дегенді білдіреді.

Белгілі бір факс нөмірлерін қалаусыз факс тізіміне қосу арқылы блоктауға, тізімнен жою арқылы блоктан шығаруға және блокталған қалаусыз факс нөмірлерінің тізімін басып шығаруға болады.

Нөмірді қалаусыз факс тізіміне қосу

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
4. **Қалаусыз факсты блоктау** түймесін түртіңіз.
5. **Plus Sign** (Қосу белгісі)  белгісін түртіңіз.
6. Төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - Қоңыраулар журналының тізімінен блокталатын факс нөмірін таңдау үшін **Қоңыраулар журналы**  түймесін басыңыз.
 - Блокталатын факс нөмірін қолмен енгізіп, **Add** (Қосу) түймесін түртіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Факс тақырыбында көрсетілетін факс нөмірін емес, басқару тақтасындағы дисплейде көрсетілетін факс нөмірін енгізгеніңізді тексеріңіз, себебі осы нөмірлер әртүрлі болады.

Қалаусыз факс нөмірлерінің тізімінен нөмірлерді жою

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.

4. Қалаусыз факсты блоктау түймесін түртіңіз.
5. Жойылатын нөмірді түртіп, **Remove** (Жою) түймесін түртіңіз.

Қалаусыз факс тізімін басып шығару үшін

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Есептер** түймесін түртіңіз.
3. **Факс есептерін басып шығару** түймесін түртіңіз.
4. **Қалаусыз факс есебі** түймесін түртіңіз.
5. Басып шығаруды бастау үшін **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

Факстарды HP сандық факс мүмкіндігі арқылы алу

Факстарды автоматты түрде қабылдау және компьютерге тікелей сақтау үшін HP сандық факс мүмкіндігін пайдалануға болады. Бұл қағаз бен тонерді үнемдейді.

Қабылданған факс TIFF (Белгіленген кескін файлының пішімі) немесе PDF (Тасымалданатын құжат пішімі) файлдары түрінде сақталады.

Файлдар келесі әдісте аталады: XXXX_YYYYYYYY_ZZZZZZ.tif, бұл жерде X жіберуші туралы мәлімет, Y күн және Z факс қабылдап алынған уақыт болып табылады.



ЕСКЕРТПЕ: Факсты компьютерге жіберу тек қана ақ-қара түсті факстарды қабылдау үшін қол жетімді.

HP сандық факс мүмкіндігін талаптары

- Компьютердің қажетті қалтасы барлық уақытта қолжетімді болуы қажет. Компьютер күту не ұйқы режимінде болғанда факстар сақталмайды.
- Қағаз кіріс науасына жүктелген болуы қажет. Қосымша ақпарат алу үшін [Қағазды салу](#) бөлімін қараңыз.

HP сандық факс мүмкіндігін орнату немесе өзгерту (Windows)

1. HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз. Қосымша ақпарат алу үшін [HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз \(Windows\)](#) бөлімін қараңыз.
2. **Басып шығару, сканерлеу және факс** түймесін, кейін **Fax** (Факс) түймесін басыңыз.
3. **Сандық факсты орнату шебері** түймесін басыңыз.
4. Экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

HP сандық факс мүмкіндігін өшіру

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Жеке параметрлер** түймесін, одан кейін **HP сандық факс** түймесін түртіңіз.
4. **HP сандық факс мүмкіндігін өшіру** түймесін түртіңіз.
5. **Иә** түймесін түртіңіз.

Телефон кітапшасының контактілерін орнату

Жиі қолданылатын факс нөмірлерін телефон кітапшасының контактілері ретінде орнатуға болады. Бұл принтердің басқару тақтасын пайдалану арқылы сол нөмірлерді жылдам теруге мүмкіндік береді.

 **КЕҢЕС:** Принтердің басқару тақтасынан телефон кітапшасының контактілерін жасап және басқарып қана қоймай, сондай-ақ HP принтер бағдарламалық құралы мен принтер EWS секілді компьютеріңізде қолжетімді құралдарды пайдалануға болады. Қосымша ақпарат алу үшін [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.

Телефон кітапшасы контактісін жасау және өзгерту

Факс нөмірлерін телефон кітапшасының контактілері ретінде сақтауға болады.

Телефон кітапшасының контактілерін орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Телефон кітапшасы** түймесін түртіңіз.
3. **Local Phone Book** (Жергілікті телефон кітапшасы) түймесін басыңыз.
4. Контактін қосу үшін **Plus Sign** (Қосу белгісі)  түймесін түртіңіз.
5. **Name** (Аты) түймесін түртіп, телефон кітапшасы контактісінің атын енгізіңіз де, **Дайын** түймесін түртіңіз.
6. **Факс Number** (Факс нөмірі) түймесін түртіп, телефон кітапшасы контактісінің факс нөмірін енгізіңіз де, **Дайын** түймесін түртіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Аймақ коды, жеке телефон станциясынан (PBX) тыс жерлердегі нөмірлер үшін рұқсат коды (әдетте 9 немесе 0) немесе ұзақ арақашықтықтағы префикс сияқты басқа да қажетті нөмірлерді немесе үзілістерді енгізгеніңізді тексеріңіз.

7. **Қосу** түймесін түртіңіз.

Телефон кітапшасының контактілерін өзгерту

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Телефон кітапшасы** түймесін түртіңіз.
3. **Local Phone Book** (Жергілікті телефон кітапшасы) түймесін басыңыз.
4. Өзгертілетін телефон кітапшасының контактісін түртіңіз.
5. **Name** (Аты) түймесін түртіп, телефон кітапшасы контактісінің атын өзгертіңіз де, **Дайын** түймесін түртіңіз.
6. **Fax Number** (Факс нөмірі) түймесін түртіп, телефон кітапшасы контактісінің факс нөмірін өзгертіңіз де, **Дайын** түймесін түртіңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Аймақ коды, жеке телефон станциясынан (PBX) тыс жерлердегі нөмірлер үшін рұқсат коды (әдетте 9 немесе 0) немесе ұзақ арақашықтықтағы префикс сияқты басқа да қажетті нөмірлерді немесе үзілістерді енгізгеніңізді тексеріңіз.

7. **Дайын** түймесін түртіңіз.

Топтық телефон кітапшасының контактілерін жасау және өзгерту

Факс нөмірлері тобын топтық телефон кітапшасының контактілері ретінде сақтауға болады.

Топтық телефон кітапшасының контактілерін орнату



ЕСКЕРТПЕ: Топтық телефон кітапшасының контактісін жасамас бұрын сізде кемінде бір телефон кітапшасының контактісі жасаулы болуы қажет.

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Телефон кітапшасы** түймесін, одан кейін **Local Phone Book** (Жергілікті телефон кітапшасы) түймесін түртіңіз.
3. Топтық телефон кітапшасына ауысу үшін **Телефон кітапшасы**  белгішесін түртіп, **Тобы**  түймесін басыңыз.
4. Топты қосу үшін **Plus Sign** (Қосу белгісі)  түймесін түртіңіз.
5. **Name** (Аты) түймесін түртіп, топтың атауын теріңіз де, **Дайын** түймесін түртіңіз.
6. **Мүшелер саны** түймесін түртіп, осы топқа қосылатын телефон кітапшасының контактілетін таңдаңыз да, **Таңдау** түймесін түртіңіз.
7. **Create** (Жасау) түймесін түртіңіз.

Топтық телефон кітапшасының контактілерін өзгерту

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Телефон кітапшасы** түймесін, одан кейін **Local Phone Book** (Жергілікті телефон кітапшасы) түймесін түртіңіз.
3. Топтық телефон кітапшасына ауысу үшін **Телефон кітапшасы**  белгішесін түртіп, **Тобы**  түймесін басыңыз.
4. Өзгертілетін топтық телефон кітапшасының контактісін түртіңіз.
5. **Аты** түймесін түртіп, топтық телефон кітапшасы контактісінің атын өзгертіңіз де, **Дайын** түймесін түртіңіз.
6. **Number of Members** (Мүшелер саны) түймесін түртіңіз.
7. Топқа контактіні қосуды қаласаңыз, **Plus Sign** (Қосу белгісін)  түртіңіз. Контакті атын, одан кейін **Select** (Таңдау) түймесін түртіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Топтан контактіні жоюды қаласаңыз, контактіні таңдамау түймесін түртіңіз.

8. **Дайын** түймесін түртіңіз.

Телефон кітапшасының контактілерін жою

Телефон кітапшасының контактілерін немесе топтық телефон кітапшасының контактілерін жоюға болады.

Телефон кітапшасының контактілерін жою

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.

2. **Телефон кітапшасы** түймесін түртіңіз.
3. **Local Phone Book** (Жергілікті телефон кітапшасы) түймесін басыңыз.
4. Жойылатын телефон кітапшасы контактісінің атауын басыңыз.
5. **Жою** түймесін түртіңіз.
6. Растау үшін **Да** (Иә) түймесін түртіңіз.

Топтық телефон кітапшасының контактілерін жою

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Телефон кітапшасы** түймесін, одан кейін **Local Phone Book** (Жергілікті телефон кітапшасы) түймесін түртіңіз.
3. Топтық телефон кітапшасына ауысу үшін **Телефон кітапшасы**  белгішесін түртіп, **Тобы**  түймесін басыңыз.
4. Жойылатын топтық телефон кітапшасы контактісінің атауын басыңыз.
5. **Жою** түймесін түртіңіз.
6. Растау үшін **Да** (Иә) түймесін түртіңіз.

Факс параметрлерін өзгерту

Принтермен бірге берілген анықтамалық нұсқаулықтағы қадамдарды орындауды аяқтағаннан кейін, факс үшін бастапқы параметрлерді өзгерту немесе басқа опцияларды реттеу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

Факстың тақырыпшасын теңшеу

Факс тақырыбы жіберген барлық факстарыңыздың жоғарғы жағында атыңыз бен факс нөміріңізді басып шығарады. HP компаниясы HP принтерінің бағдарламалық құралын пайдалану арқылы факс тақырыбын орнатуды ұсынады. Осы жерде сипатталғандай принтердің басқару тақтасын қолдану арқылы да факс тақырыпшасын орнатуға болады.



ЕСКЕРТПЕ: Кейбір елдерде/аймақтарда факс тақырыбының мәліметтері заң жүзінде міндетті.

Факс тақырыпшасын орнату немесе өзгерту

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
3. **Заголовок факса** (Факс тақырыпшасы) түймешігін басыңыз.
4. Жеке немесе компания атын енгізіп, **Дайын** түймесін түртіңіз.
5. Факс нөмірін енгізіп, **Дайын** басыңыз.

Жауап беру күйін (авто жауап беру) орнату

Жауап беру күйі принтердің кіріс қоңырауларына жауап беретінін не жауап бермейтінін тексереді.

- **Авто жауап беру** параметрін принтердің факстарға **автоматический** (автоматты түрде) жауап беруін қалаған кезде қосыңыз. Принтер барлық кіріс қоңырауларына және факстарға автоматты түрде жауап береді.
- **Авто жауап беру** параметрін принтердің факстарды **вручную** (қолмен) қабылдап алуын қалаған кезде ажыратыңыз. Кіріс факс қоңырауына өзіңіз жауап беруіңіз керек, әйтпесе принтер факстарды қабылдамайды.

Жауап беру күйін орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
3. Оны қосу немесе өшіру үшін **Авто жауап беру** түймесін басыңыз.

 **КЕҢЕС:** Құралдар тақтасында **Fax Status** (Факс күйі) түймесін  басу арқылы да осы мүмкіндікті пайдалануға болады.

Жауап бермес бұрын қоңыраулардың санын орнату

Авто жауап беру параметрі қосулы болса, кіріс қоңырауларына автоматты түрде жауап берілмес бұрын қанша қоңыраулар қабылданатынын көрсетуге болады.

Басып шығару орындалмас бұрын қоңырауға құрылғының жауа беруін қалайтындығыңыздықтан, принтер сияқты сол телефон желісінде жауап беру құрылғысы бар болса **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрі маңызды болып табылады. Принтерге жауап беру үшін орнатылған қоңырауларды саны жауап беру құрылғысына жауап беру үшін орнатылған қоңыраулардың санынан жоғарырақ болуы қажет.

Мысалы, жауап беру құрылғысын қоңыраулардың төмен санына орнатыңыз және принтерді қоңыраулардың ең үлкен санына орнатыңыз. (Қоңыраулардың максималды саны елге / аймаққа байланысты әртүрлі болады.) Осы параметрмен жауап беру құрылғысы қоңырауға жауап береді, ал принтер желіні басқарады. Егер принтер факс сигналдарын анықтаса, ол факсты қабылдап алады. Егер қоңырау дыбыстық қоңырау болса, жауап беру құрылғысы кіріс хабарламасын жазып алады.

Жауап бермес бұрын қоңыраулардың санын орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
3. **Жауап берілетін қоңыраулар** түймесін түртіңіз.
4. Қоңыраулар санын орнату үшін түртіңіз.
5. **Дайын** түймесін түртіңіз.

Арнайы қоңырау үшін қоңырауға жауап беру үлгісін өзгерту

Көптеген телефон компаниялары бір телефон желісінде бірнеше телефон нөмірі болатын арнайы қоңырау мүмкіндігін ұсынады. Осы қызметке жазылған кезде әрбір нөмір арнайы қоңырау үлгісіне тағайындалады. Арнайы қоңырау үлгісі бар кіріс қоңырауларына жауап беретін етіп принтерді орнатуға болады.

Арнайы қоңырауы бар желіге принтерді қосқан кезде, телефон компаниясы дыбыстық қоңырауларға арналған бір қоңырау үлгісін және факс қоңыраулары үшін басқа қоңырау үлгісін тағайындайды. HP

компаниясы факс нөмірі үшін екілік немесе үштік қоңырауларды сұрауды ұсынады. Принтер арнайы қоңырау үлгісін анықтағанда қоңырауға жауап береді және факсты қабылдап алады.

 **КЕҢЕС:** Арнайы қоңырауды орнату үшін принтердің басқару тақтасындағы қоңырау үлгісін анықтау мүмкіндігін де пайдалануға болады. Осы мүмкіндік арқылы принтер қоңырауды танып, кіріс қоңырауының үлгісін жазып алады және осы қоңырауға негізделіп факс қоңырауларына телефон компаниясы тағайындаған арнайы қоңырау үлгісін автоматты түрде анықтайды.

Арнайы қоңырау қызметі болмаса, **Барлық стандартты сақиналар** болатын арнайы қоңырау үлгісін қолданыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Басты телефон нөмірі қабылдағыш болмаса, принтер факстарды қабылдай алмайды.

Арнайы қоңырау үшін қоңырауға жауап беру үлгісін өзгерту

1. Принтердің факс қоңырауларына автоматты түрде жауап берілетін етіп орнатылғанына көз жеткізіңіз. Қосымша ақпарат алу үшін [Жауап беру күйін орнату](#) бөлімін қараңыз.
2. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
3. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** тармағын таңдаңыз.
4. **Арнайы қоңырау** түймесін түртіңіз.
5. Бір сақина үлгісін түртіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Ішкі және сыртқы қоңыраулар үшін әртүрлі қоңырау үлгілері бар жеке телефон станциясы (PBX) телефон жүйесін қолданып жатқан болсаңыз, факс нөміріне сыртқы нөмірден қоңырау шалу қажет.

Теру түрін орнату

Бұл процедураны тондық теру немесе импульстік теру режимін орнату үшін қолданыңыз. Әдепкі зауытта орнатылған күй – **Тональный** (Үндес). Телефон желісі үндес теруді қолдана алмайтындығын анықтамайынша, параметрді өзгертпеңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Импульстік теру барлық елдерде/аймақтарда қол жетімді болмайды.

Теру түрін орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
3. **Теру түрі** түймесін түртіңіз.
4. **Үндік** немесе **Импульстық** параметрін таңдау үшін түртіңіз.

Қайта теру опцияларын орнату

Қабылдаушы факс құрылғысы жауап бермегендіктен немесе бос болмағандықтан, принтер факсты жібере алмаса, қайта теру опцияларының параметрлеріне байланысты принтер қайта теріп көреді. Опцияны қосу немесе өшіру үшін келесі процедураны қолданыңыз:

- **Бос емес, қайтадан теру:** Осы параметр қосулы болғанда, принтер бос емес сигналын қабылдағанда автоматты түрде қайта тереді. Әдепкі параметр – **Қосулы**.

- **Жауап жоқ, қайта теру:** Осы параметр қосулы болғанда, принтер қабылдаушы факс құрылғысы жауап бермегенде автоматты түрде қайта тереді. Әдепкі параметр – **Өшірулі**.
- **Байланыста ақау болғанда қайта теру:** Осы опция қосулы болса, принтер қабылдайтын факс құрылғысымен байланысу кезінде ақау болғанда автоматты түрде қайта тереді. Байланыста ақау болғанда қайта теру факстарды жадтан жіберген кезде ғана жұмыс істейді. Әдепкі параметр – **Қосулы**.

Қайта теру опцияларын орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
3. **Автоматты қайта теру** түймесін түртіңіз.
4. Қосу не өшіру үшін **Бос емес, қайтадан теру, Жауап жоқ, қайта теру** не **Байланыста ақау болғанда қайта теру** түртіңіз.

Факс жылдамдығын орнату

Факстарды жіберу және алу кезінде принтер мен басқа факс құрылғылары арасындағы байланысты орнату үшін қолданылатын факс жылдамдығын орнатуға болады.

Келесі әрекеттердің бірін қолданатын болсаңыз, факс жылдамдығын төменірек жылдамдыққа орнату қажет етілуі мүмкін.

- Интернет телефон қызметі
- PBX (жеке телефон станциясы) жүйесі
- Интернет протоколы арқылы дауыстық факс (VoIP)
- Біріктірілген қызметтердің сандық желі (ISDN) қызметі

Факстарды жіберу және алу кезінде ақаулар туындаса, баяуырақ **Жылдамдық** пайдаланып көріңіз. Келесі кесте қолданыстағы факс жылдамдығы параметрлерін береді.

Кесте 6-1 Факс жылдамдығын орнату

Факс жылдамдығы параметрі	Факс жылдамдығы
Жылдам	v.34 (33600 bps)
Орташа	v.17 (14400 bps)
Жай	v.29 (9600 bps)

Факс жылдамдығын орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
3. **Жылдамдық** түймесін түртіңіз.
4. Опцияны таңдау үшін нұқыңыз.

Факс дыбысының деңгейін орнату

Факс дыбыстарының деңгейін өзгертуге болады.

Факс дыбысының деңгейін орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Жеке параметрлер** түймесін түртіңіз.
3. **Факс көлемі** түймесін түртіңіз.
4. **Бәсең**, **Қатты** немесе **Өшірулі** параметрін таңдау үшін басыңыз.

 **КЕҢЕС:** Құралдар тақтасында **Fax Status** (Факс күйі) түймесін  басу арқылы да осы мүмкіндікті пайдалануға болады.

Факс және сандық телефон қызметтері

Көптеген телефон компаниялары тұтынушыларға келесі сияқты сандық телефон қызметтерін береді:

- Сандық абоненттік желі (DSL): Телефон компаниясы арқылы сандық абоненттік желі (DSL) қызметі. (Сандық абоненттік желі (DSL) сіздің еліңізде/аймағыңызда ассиметриялық сандық абоненттік желі (ADSL) деп аталуы мүмкін.)
- Жеке телефон станциясы (PBX): Жеке телефон станциясының (PBX) телефон жүйесі.
- Біріктірілген қызметтердің сандық желісі (ISDN): Біріктірілген қызметтердің сандық желісінің (ISDN) жүйесі.
- VoIP: Интернетті қолдану арқылы принтермен факстарды жіберуге және қабылдап алуға мүмкіндік беретін төмен бағадағы қызмет. Бұл әдіс интернет протоколы арқылы факс жіберу (VoIP) деп аталады.

Қосымша ақпарат алу үшін [Интернет протоколы арқылы дыбыстық факс жіберу](#) бөлімін қараңыз.

HP принтерлері дәстүрлі ұқсас телефон қызметтерімен бірге қолдану үшін арнайы жасалған. Егер сандық телефон ортасында (мыс., DSL/ADSL, PBX немесе ISDN), принтердің факс қызметін орнатып жатқанда, сандық-аналогтық сүзгілерді немесе түрлендіргіштерді қолдану қажет болуы мүмкін.

 **ЕСКЕРТПЕ:** HP компаниясы принтердің барлық сандық орталарда барлық сандық қызмет желілерімен немесе қызметті берушілермен, сандық-аналогтық түрлендіргіштермен сәйкестігіне кепілдеме бермейді. Әрқашан телефон компанияларының берілген желі қызметтеріне негізделіп дұрыс орнату параметрлерін алу үшін тікелей компаниямен талқылау ұсынылады.

Интернет протоколы арқылы дыбыстық факс жіберу

Интернетті қолдану арқылы принтермен факстарды жіберуге және қабылдап алуға мүмкіндік беретін төмен бағадағы қызметке жазылуыңызға болады. Бұл әдіс интернет протоколы арқылы факс жіберу (VoIP) деп аталады.

Келесі көрсеткіштер сіз пайдалануыңыз мүмкін VoIP қызметі:

- Факс нөмірінің қасына арнайы теру кодын теріңіз.

- Факс қосылымы үшін аналогты телефон порттарын беретін және Интернетке қосылымды беретін IP түрлендіргіш қорапша бар.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Принтердің артындағы Факс портына  телефон сымын жалғау арқылы тек факстерді жіберуге және қабылдауға болады. Бұл Интернетке қосылымды түрлендіргіш қорапша (факс қосылымдары үшін жүйелі аналогты телефон ұяларын береді) немесе телефон компаниясы арқылы жасалуы қажет дегенді білдіреді.

 **КЕҢЕС:** Интернет протоколының телефон жүйелері арқылы дәстүрлі факс тасымалдауларына қолдау көрсету жиі шектеулі болады. Факс жіберу бойынша ақаулықтар туындаса, жай факс жылдамдығын қолданып немесе факс қатесін түзету күйін (ECM) ажыратып көріңіз.

Интернет арқылы факс жіберу туралы сұрақтарыңыз болса, Интернет бойынша факс жіберу қызметтеріне қолдау көрсету бөлімімен немесе қайта көмек алу үшін жергілікті қызмет көрсетушімен байланысыңыз.

Есептерді қолдану

Принтерді әрбір жіберілетін және қабылдап алынатын факс үшін қате есептерін және растау есептерін басып шығаратын етіп орнатуға болады. Талап етілгенде жүйенің есептерін қолмен басып шығаруға да болады; Бұл есептер принтер туралы пайдалы жүйе мәліметтерін береді.

Әдепкі бойынша принтер факсты жіберу немесе қабылдап алу кезінде ақаулық болғанда ғана есепті басып шығаратын етіп орнатылады. Факстың сәтті жіберілгенін анықтайтын растау хабары әрбір таратудан кейін басқару тақтасының дисплейінде аз уақытқа көрсетіледі.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Есептер түсініксіз болса, тонер күйін басқару панелінен немесе HP бағдарламалық құралынан тексеруіңізге болады.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Тонер туралы ескертулер мен индикаторлар көрсеткіштерін тек жоспарлау мақсатында пайдалану керек. Тонердің аз қалғаны туралы ескерту келгенде, басып шығару кезінде уақыт жоғалтпау үшін қосымша картридж болуы керек. Басып шығару сапасы ұнамсыз болмайынша картридждерді ауыстырудың қажеті жоқ.

Факсты растау есептерін басып шығару

Не факс жіберілген кезде, не факс жіберіліп немесе қабылданған кезде растау есебін басып шығаруға болады. Әдепкі параметр – **On (Fax Send)** (Қосулы (Факс жіберілгенде)). Өшірулі кезде растау хабары басқару тақтасында факс жіберілгеннен немесе қабылданғаннан кейін аз уақыт көрінеді.

Факсты растауды қосу

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Есептер** түймесін, содан соң **Факсты растау** түймесін басыңыз.
4. Келесі опциялардың біреуін таңдау үшін нұқыңыз.

Опциялар	Растау есебі
Қосулы (Факс жіберілгенде)	Әрбір жіберілген факс үшін факсты растау есебін басып шығарады.
Қосулы (Факс қабылданғанда)	Әрбір жіберілген факс үшін факсты растау есебін басып шығарады.

Опциялар	Растау есебі
Қосулы (Факс жіберілгенде және қабылданғанда)	Әрбір жіберілген және қабылданған факс үшін факсты растау есебін басып шығарады.
Өшірулі	Факстар сәтті жіберілгенде немесе қабылданғанда факсты растау есебін басып шығармайды. Бұл әдепкі параметр болып табылады.

Есепте факстың кескінін қамту

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Есептер** түймесін, содан соң **Факсты растау** түймесін басыңыз.
4. **Қосулы (Факс жіберілгенде)** немесе **Қосулы (Факс жіберілгенде және қабылданғанда)** түймесін басыңыз.
5. **Fax confirmation with image** (Факсты кескінімен растау) түймесін түртіңіз.

Факстың қате есептерін басып шығару

Тарату немесе қабылдау кезінде қате туындаса, принтерді автоматты түрде есепті басып шығаратын етіп теңшеуге болады.

Факс қатесінің есептерін автоматты түрде басып шығаратын етіп принтерді орнату

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін түртіңіз.
3. **Есептер** және **Факс ақауы туралы есеп** түймесін түртіңіз.
4. Келесі параметрлердің біреуін таңдау үшін нұқыңыз.

Fax error reports (Факс қатесі туралы есеп)	Сипаттама
Қосулы (Факс жіберілгенде)	Қашан болмасын тарату қатесі орын алған кезде басып шығарады. Бұл әдепкі параметр болып табылады.
Қосулы (Факс қабылданғанда)	Қандай да болмасын тарату қатесі туындаған кезде басып шығарады.
Қосулы (Факс жіберілгенде және қабылданғанда)	Қашан болмасын факс қатесі орын алған кезде басып шығарады.
Өшірулі	Ешбір факс қатесі есептерін басып шығармайды.

Факс журналын басып шығару және қарап шығу

Принтер арқылы қабылдап алынған және басып шығарылған факстардың журналын басып шығаруға болады.

Принтердің басқару тақтасынан факс журналын басып шығару

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Есептер** түймесін түртіңіз.

3. **Факс есептерін басып шығару** түймесін түртіңіз.
4. **Соңғы 500 транзакциялардың факс журналдары** түймесін түртіңіз.
5. Басып шығаруды бастау үшін **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

Факс журналын тазалау

Факс журналын тазалау жадта сақталған барлық факстарды да жояды.

Факс журналын тазалау

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** және **Құралдар** түймесін түртіңіз.
3. **Clear Fax Logs/Memory (Факс журналын/жадын өшіру)** түймесін түртіңіз.

Соңғы факсты таратудың толық деректерін басып шығару

Факсты соңғы таратудың есебі орындалатын соңғы факсты таратудың толық деректерін басып шығарады. Толық деректер факс нөмірін, беттердің санын және факс күйін қамтиды.

Факсты соңғы таратудың есебін басып шығару

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Есептер** түймесін түртіңіз.
3. **Факс есептерін басып шығару** түймесін түртіңіз.
4. **Соңғы тарату журналы** түймешігін басыңыз.
5. Басып шығаруды бастау үшін **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

Қоңырау шалушы ID нөмірінің есебін басып шығару

Қоңырау шалушы идентификаторының факс нөмірлері тізімін басып шығаруға болады.

Қоңырау шалушы нөмірінің журнал есебін басып шығару

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Реттеу** түймесін, одан кейін **Есептер** түймесін түртіңіз.
3. **Факс есептерін басып шығару** түймесін түртіңіз.
4. **ID отчет звонящего** (қоңырау шалушының ID есебі) түймешігін басыңыз.
5. Басып шығаруды бастау үшін **Басып шығару** түймешігін басыңыз.

Қоңыраулар журналын қарап шығу

Принтерден болған барлық қоңыраулардың тізімін көруге болады.



ЕСКЕРТПЕ: Қоңыраулар журналын басып шығару мүмкін емес.

Қоңыраулар журналын көру

1. Принтердің басқару тақтасының дисплейінен **Факс** түймесін басыңыз.
2. **Қазір жіберу** түймесін түртіңіз.
3. **Телефон кітапшасы**  түймесін түртіңіз.
4. **Қоңыраулар журналы** түймесін түртіңіз.

Қосымша факсты орнату

Жұмысты бастау нұсқаулығындағы барлық қадамдарды аяқтағаннан кейін, факсты орнатуды аяқтау үшін осы бөлімдегі нұсқауларды пайдаланыңыз. Кейінірек қолдану үшін жұмысты бастау нұсқаулығын ұстаныңыз.

Осы бөлімде бірдей телефон желісінде әлдеқашан орнатылған болуы мүмкін жабдықпен және қызметтермен факстың сәтті жұмыс істеуі үшін принтерді орнату жолдарын үйренесіз.

 **КЕҢЕС:** Жауап беру күйі және факстың тақырыпшасы туралы мәліметтер сияқты кейбір маңызды факс параметрлерін жылдам орнатуға көмектесетін факсты орнату шеберін (Windows) пайдалануға болады. Бұл құралдарға HP принтерінің бағдарламалық жасақтамасы арқылы кіре аласыз. Осы құралдарды іске қосқаннан кейін факсты орнатуды аяқтау үшін осы бөлімдегі процедураны орындаңыз.

Факсты орнату (параллель телефон жүйелері)

Факс үшін принтерді орнатуды бастамас бұрын елдің/аймақтың қандай телефон жүйесін қолданатынын анықтаңыз. Сериялық немесе параллель телефон жүйесі болатындығына байланысты факсты орнатуға арналған нұсқаулар әртүрлі болады:

- Тізімделген кестеде еліңізді/аймағыңызды көрмесеңіз, сізде сериялық теру телефон жүйесінің болуы ықтимал. Сериялық телефон жүйесінде ортақ пайдаланылатын телефон жабдығындағы коннектор түрі (модемдер, телефондар және жауап беру құрылғылары) принтердің артындағы Факс портына  физикалық тұрғыда қосуға мүмкіндік бермейді. Оның орнына, барлық жабдықтарды телефон ұясына жалғау қажет.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

- Кестеде еліңіз/аймағыңыз тізімделсе, сізде параллельді теру телефон жүйесінің болуы ықтимал. Параллельді теру телефон жүйесінде принтердің артқы Факс портын  қолдану арқылы телефон желісіне ортақ қолданылатын телефон жабдығын қоса аласыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Егер параллельді теру телефон жүйесі бар болса, HP компаниясы 2 сымды телефон сымын телефон ұясына қосуды ұсынады.

Кесте 6-2 Параллельді теру телефон жүйесі бар елдер/аймақтар

Елдер	Елдер	Елдер	Елдер
Аргентина	Австралия	Бразилия	Канада
Чили	Қытай	Колумбия	Греция
Индия	Индонезия	Ирландия	Жапония
Корея	Латын Америкасы	Малайзия	Мексика

Кесте 6-2 Параллельді теру телефон жүйесі бар елдер/аймақтар (жалғасы)

Елдер	Елдер	Елдер	Елдер
Филиппин	Польша	Португалия	Ресей
Сауд Арабиясы	Сингапур	Испания	Тайван
Тайланд	АҚШ	Венесуэла	Вьетнам

Қандай телефон жүйесі (сериялық немесе параллель) бар екеніне сенімді болмасаңыз, телефон компаниясынан тексеріңіз.

Үйіңізге немесе кеңсеңізге арналған дұрыс факсты орнату параметрін таңдау

Факсты сәтті жіберу үшін жабдықтың және қызметтердің (бар болса) қандай түрі принтермен бірдей телефон желісін ортақ қолданатынын білу қажет. Принтерге тікелей бар кеңсе жабдықтарының кейбірін қосу қажет болуы мүмкін болғандықтан бұл маңызды және факсты сәтті жібермес бұрын кейбір факс параметрлерін өзгерту қажет болуы мүмкін.

1. Телефон жүйесінің сериялық немесе параллель екенін анықтаңыз.

Қосымша ақпарат алу үшін [Факсты орнату \(параллель телефон жүйелері\)](#) бөлімін қараңыз.

а. Сериялық теру телефон жүйесі.

ә. Параллель теру телефон жүйесі – 2-қадамға өтіңіз.

2. Факс желісін ортақ пайдаланатын жабдықтың қосылымын және қызметтерді таңдаңыз.

- Сандық абоненттік желі (DSL): Телефон компаниясы арқылы сандық абоненттік желі (DSL) қызметі. (Сандық абоненттік желі (DSL) сіздің еліңізде/аймағыңызда ассиметриялық сандық абоненттік желі (ADSL) деп аталуы мүмкін.)
- Жеке телефон станциясы (PBX): Жеке телефон станциясының (PBX) телефон жүйесі.
- Біріктірілген қызметтердің сандық желісі (ISDN): Біріктірілген қызметтердің сандық желісінің (ISDN) жүйесі.
- Арнайы қоңырау қызметі: Телефон компаниясы бойынша арнайы қоңырау қызметі әр түрлі қоңырау үлгілері бар бірнеше телефон нөмірін береді.
- Дауыстық қоңыраулар: Дауыстық қоңыраулар принтердегі факс қоңырауларын қолданатын бірдей телефон нөмірлеріне қабылданады.
- Компьютерде теру модемі: Компьютердің теру модемі принтермен бірдей телефон желісінде болады. Келесі сұрақтардың кез келгені үшін жауабыңыз «Иә» болатын болса, сіздің компьютерде теру модемін қолданып жатқаныңыз:
 - Теру қосылымы арқылы компьютер бағдарламалық құралдарынан және құралдарына тікелей факстарды жібересіз бе немесе аласыз ба?
 - Компьютердегі теру қосылымы арқылы электрондық пошта хабарларын жібересіз бе немесе оларды аласыз ба?
 - Теру қосылымы арқылы компьютерден Интернетке кіресіз бе?
- Жауап беру құрылғысы: Принтердегі факс қоңыраулары үшін қолданылатын бірдей телефон нөмірлері бойынша дауыстық қоңырауларға жауап беретін жауап беру құрылғысы.

- Дауыстық пошта қызметі: Принтердегі факс қоңыраулары үшін қолданылатын бірдей нөмірлер бойынша телефон компаниясы арқылы дауыстық пошта жазылымы.
3. Келесі кестеден үйге немесе кеңсе параметріне сәйкес келетін жабдықтың қосылымын және қызметтерді таңдаңыз. Одан кейін ұсынылатын факс орнатылымын қараңыз. Қадам бойынша нұсқаулар келесі бөлімдердегі әрбір жағдайда қамтылған.



ЕСКЕРТПЕ: Егер үй немесе кеңсе реттеуі осы бөлімде сипатталмаған болса, принтерді әдеттегі аналогтық телефон ретінде реттеңіз. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына, ал екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.


Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

Кесте 6-3 Факс желісін ортақ пайдаланатын жабдық және қызметтер комбинациясы

Ұсынылатын факс орнатылымы	Факс желісін ортақ пайдаланатын комбинациялар
Принтерді желісі бөлек факспен орнату	Факс желісі
Принтерді DSL модемімен орнату	Сандық абоненттік желі (DSL)
С жағдайы: Жеке телефон станциясының жүйесімен (PBX) немесе біріктірілген қызметтердің сандық желісімен (ISDN) принтерді орнату	Жеке телефон станциясы (PBX)
Арнайы қоңырау қызметі бар принтерді орнату	Арнайы қоңырау қызметі
Ортақ пайдаланылатын дауыстық/факс желісімен принтерді орнату	Дауыстық қоңыраулар
Дауыстық поштасы бар принтерді орнату	Дауыстық қоңыраулар және/немесе дауыстық пошта қызметі
G жағдайы: Компьютер модемімен ортақ пайдаланылатын факс желісі (ешбір дауыстық қоңыраулар қабылданбайды)	Компьютерде теру модемі
H жағдайы: Ортақ пайдаланылатын дауыстық/компьютер модемі бар факс желісі	Дауыстық қоңыраулар және/немесе компьютерде теру модемі
Ортақ пайдаланылатын дауыстық/жауап беру құрылғысы бар факс желісімен принтерді орнату	Дауыстық қоңыраулар және/немесе жауап беру құрылғысы
J жағдайы: Ортақ пайдаланылатын дауыстық/компьютер модемі және жауап беру құрылғысы бар факс желісі	Дауыстық қоңыраулар, компьютерде теру модемі және/немесе жауап беру құрылғысы
Принтерді екі телефон порты бар компьютермен бір телефон желісіне орнату	Дауыстық қоңыраулар, компьютерде теру модемі және/немесе дауыстық пошта қызметі

А жағдайы: Бөлек факс желісі (ешбір дауыстық қоңыраулар қабылданбайды)

Ешбір дауыстық қоңырауларды қабылдамайтын бөлек телефон желісі болатын болса және осы телефон желісіне қосылған басқа жабдық болмаса, принтерді осы бөлімде сипатталғандай орнатыңыз.



Кесте 6-4 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

Принтерді желісі бөлек факспен орнату

1. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

2. **Fax** (Факс), **Setup** (Баптау) және **Preferences** (Жеке параметрлер) түймесін түртіңіз.
3. **Авто жауап беру** параметрін қосыңыз.
4. (Қосымша) **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрін төменірек параметрге (екі қоңырау) өзгертіңіз.
5. Факс сынағын іске қосыңыз.

Принтерге қоңырау шалынғанда, принтер **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрінде орнатылған бірнеше қоңыраудан кейін автоматты түрде жауап береді. Принтер факсты қабылдау сигналдарын жіберуші факс құрылғысына шығарып, факсты қабылдайды.


В жағдайы: Принтерді DSL модемімен орнату

Телефон компаниясы арқылы DSL қызметі бар болса және принтерге ешбір жабдықты қоспаған болсаңыз, телефон ұясы мен принтер арасында DSL сүзгісін қосу үшін осы бөлімдегі нұсқауларды қолданыңыз. DSL

сүзгісі принтер телефон желісімен дұрыс байланыса алатындай, принтерге кедергі жасауы мүмкін сандық сигналды жояды. (Сандық абоненттік желі (DSL) сіздің еліңізде/аймағыңызда ассиметриялық сандық абоненттік желі (ADSL) деп аталуы мүмкін.)



ЕСКЕРТПЕ: DSL желісі болса және DSL сүзгісіне қосылмасаңыз, принтермен факстарды жіберу және қабылдап алу мүмкін болмайды.



Кесте 6-5 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	DSL (немесе ADSL) сүзгісі мен DSL жеткізушісі арқылы берілген сым.
3	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

Принтерді DSL модемімен орнату

1. DSL провайдерінен DSL сүзгісін алыңыз.
2. Телефон сымының бір ұшын DSL сүзгісіне жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

Қажет болса, бұл орнату үшін қосымша телефон сымдарын алыңыз. Телефон сымдарын телефон керек-жарақтарымен айланысатын электрондық тауарлар дүкендерінен сатып алуға болады.

3. DSL сүзгісінен қосымша телефон сымын телефон ұясына қосыңыз.

4. Факс сынағын іске қосыңыз.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

С жағдайы: Жеке телефон станциясының жүйесімен (PBX) немесе біріктірілген қызметтердің сандық желісімен (ISDN) принтерді орнату

PBX телефон жүйесін немесе ISDN түрлендіргішін/терминал адаптерін қолданып жатқан болсаңыз, келесі әрекеттерді орындағаныңызды тексеріңіз:

- PBX телефон жүйесін немесе ISDN түрлендіргішін/терминал адаптерін қолданып жатқан болсаңыз, принтерді факс және телефон қолданысы үшін тағайындалған портқа қосыңыз. Сондай-ақ, мүмкін болса, терминал адаптерінің ел/аймақ үшін дұрыс қосылым түріне орнатылғанын тексеріңіз.



ЕСКЕРТПЕ: ISDN жүйелері арнайы телефон жабдығына арналған порттарға теңшеуге мүмкін береді. Мысалы, телефон және 3 факс тобы үшін бір порт тағайындалған болуы және әр түрлі мақсаттар үшін басқа порт тағайындалған болуы мүмкін. ISDN түрлендіргішінің факс/телефон портына қосылған кезде ақаулықтар туындаса, әр түрлі мақсаттар үшін тағайындалған портты қолданып көріңіз; бұл «бірнеше біріктірілген» немесе осыған ұқсас таңбалануы мүмкін.

- PBX телефон жүйесін қолданып жатқан болсаңыз, қоңырау шалуды күту сигналын «өшірулі» етіп орнатыңыз.




ЕСКЕРТПЕ: Көптеген сандық PBX жүйелері әдепкіде «қосулы» етіп орнатылған қоңырауды күту сигналын қамтиды. Қоңырауды күту сигналы кез келген факсты таратуға кедергі келтіреді және принтермен факстарды жіберу және алу мүмкін болмайды. Қоңырауды күту сигналын өшіру жолы туралы нұсқауларды PBX телефон жүйесімен бірге берілген құжаттан қараңыз.

- PBX телефон жүйесін қолданып жатқан болсаңыз, факс нөмірін термес бұрын сыртқы желіге арналған нөмірді теріңіз.
- Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

D жағдайы: Бір желідегі арнайы қоңырау қызметі бар факс

Әрбірінде әр түрлі қоңырау үлгісі бар бір телефон желісіне әр түрлі телефон нөмірін қосуға мүмкіндік беретін арнайы қоңырау қызметіне (телефон компаниясы арқылы) жазылу үшін, принтерді осы бөлімде сипатталғандай орнатыңыз.



Кесте 6-6 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

Арнайы қоңырау қызметі бар принтерді орнату

1. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

2. **Fax** (Факс), **Setup** (Баптау) және **Preferences** (Жеке параметрлер) түймесін түрттіңіз.
3. **Авто жауап беру** параметрін қосыңыз.
4. Факс нөмірін тағайындалған телефон компаниясының үлгісіне сәйкестендіру үшін **Арнайы қоңырау** параметрін өзгертіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Әдепкі бойынша принтерді барлық қоңырау үлгілеріне жауап беретін етіп орнатуға болады. Факс нөміріне тағайындалған қоңырау үлгісіне сәйкес келетін **Арнайы қоңырау** параметрін орнатпасаңыз, принтер дыбыстық қоңырауларға да, факс қоңырауларына да жауап бермеуі мүмкін немесе мүлдем жауап бермеуі мүмкін.



КЕҢЕС: Арнайы қоңырауды орнату үшін принтердің басқару тақтасындағы қоңырау үлгісін анықтау мүмкіндігін де пайдалануға болады. Осы мүмкіндік арқылы принтер қоңырауды танып, кіріс қоңырауының үлгісін жазып алады және осы қоңырауға негізделіп факс қоңырауларына телефон

компаниясы тағайындаған арнайы қоңырау үлгісін автоматты түрде анықтайды. Қосымша ақпарат алу үшін [Арнайы қоңырау үшін қоңырауға жауап беру үлгісін өзгерту](#) бөлімін қараңыз.

5. (Қосымша) **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрін төменірек параметрге (екі қоңырау) өзгертіңіз.


6. Факс сынағын іске қосыңыз.

Принтер (**Арнайы қоңырау** параметрі) таңдалған қоңыраулардың санынан кейін (**Жауап берілетін қоңыраулар** параметрі) таңдалған қоңырау үлгісі бар кіріс қоңырауларына автоматты түрде жауап береді. Принтер факсты қабылдау сигналдарын жіберуші факс құрылғысына шығарып, факсты қабылдайды.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

Е жағдайы: Ортақ пайдаланылатын дауыстық/факс желісі

Бірдей телефон нөміріне дауыстық қоңырауларды және факс қоңырауларын қабылдайтын болсаңыз және осы телефон желісінде басқа кеңсе жабдығы (немесе дауыстық пошта) болмаса, принтерді осы бөлімде сипатталғандай орнатыңыз.



Кесте 6-7 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.
3	Телефон (қосымша).

Ортақ пайдаланылатын дауыстық/факс желісімен принтерді орнату

1. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

2. Төмендегі әрекеттердің бірін орындаңыз:
 - Параллель түрдегі телефон жүйесі болса, телефонды принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.
 - Сериялы теру телефон жүйесін қолдансаңыз, тіркелген штепсельді ашасы бар принтер кабелінің жоғарғы жағына телефонды тікелей жалғаңыз.
3. Енді принтердің қоңырауларға автоматты түрде немесе қолмен жауап беретінін шешу қажет:
 - Принтерді қоңырауларға **automatically** (автоматты түрде) жауап беретін етіп орнату үшін, ол барлық кіріс қоңырауларына жауап беріп, факстарды қабылдайды. Бұл жағдайда принтер факспен дауыстық қоңыраулар арасындағы айырмашылықты ажыратпайды; дауыстық қоңырау екенін сезсеңіз, принтер қоңырауға жауап бермесе бұрын өзіңіздің жауап беруіңіз қажет. Принтерді қоңырауларға автоматты түрде жауап беретін етіп орнату үшін **Авто жауап беру** параметрін қосыңыз.
 - Принтерді факстарға **вручную** (қолмен) жауап беру үшін орнатқан болсаңыз, кіріс факс қоңырауларына жауап беретін адамның болуы қажет, әйтпесе принтер факстарға жауап бере алмайды. Принтерді қоңырауларға қолмен жауап беретін етіп орнату үшін **Авто жауап беру** параметрін ажыратыңыз.
4. Факс сынағын іске қосыңыз.

Принтер қоңырауға жауап бермес бұрын телефонды көтеріп, жіберуші факс құрылғысынан факс сигналдарын естісеңіз, факс қоңырауына қолмен жауап беру қажет.


Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

F жағдайы: Ортақ пайдаланылатын дауыстық / дауыстық поштасы бар факс желісі

Бірдей телефон нөміріне дыбыстық қоңырауларды және факс қоңырауларын қабылдайтын болсаңыз және осы телефон компаниясы арқылы дыбыстық пошта қызметіне де жазылған болсаңыз, принтерді осы бөлімде сипатталғандай орнатыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Факс қоңыраулары үшін қолданылатын бірдей телефон нөмірінде дауыстық пошта қызметі болса, факстарды автоматты түрде қабылдау мүмкін болмайды. Факстарды қолмен қабылдау қажет болады; бұл кіріс факстары қоңырауларына жауап беру үшін сіздің қол жетімді болуыңыз қажет дегенді білдіреді. Оның орнына факстарды автоматты түрде қабылдағыңыз келсе, арнайы қоңырау қызметіне жазылу немесе факс үшін бөлек телефон желісін алу үшін телефон компаниясымен байланысыңыз.



Кесте 6-8 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

Дауыстық поштасы бар принтерді орнату

1. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

2. **Fax** (Факс), **Setup** (Баптау) және **Preferences** (Жеке параметрлер) түймесін түртіңіз.
3. **Авто жауап беру** параметрін өшіріңіз.
4. Факс сынағын іске қосыңыз.

Кіріс факс қоңырауына өзіңіз жауап беру керексіз, әйтпесе принтер факстарды қабылдап алмайды. Дауыстық пошта желіге жауап бермес бұрын қолмен факс жіберуді баптау қажет.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.


G жағдайы: Компьютер модемімен ортақ пайдаланылатын факс желісі (ешбір дауыстық қоңыраулар қабылданбайды)

Ешбір дауыстық қоңырауларды қабылдамайтын факс желісі болатын болса және осы желіге қосылған компьютер модемі болмаса, принтерді осы бөлімде сипатталғандай орнатыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерде теру модемі болса, компьютерде теру модемі телефон желісін принтермен ортақ пайдаланады. Модем мен принтерді бір уақытта қолдана алмайсыз. Мысалы, электрондық пошта хабарын жіберу не Интернетке кіру үшін компьютерде теру модемін қолданып жатқан болсаңыз, принтерді факс жіберу үшін қолдана алмайсыз.

Принтерді компьютерде теру модемімен бірге орнату

Факстарды жіберу және компьютерде теру модемі үшін бірдей телефон желісін қолданып жатсаңыз, принтерді орнату үшін осы нұсқауларды орындаңыз.



Кесте 6-9 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.
3	Модемі бар компьютер.

Принтерді компьютерде теру модемімен бірге орнату

1. Компьютердің артқы жағынан (компьютерде теру модемі) телефон ұясына қосылатын телефон сымын табыңыз. Сымды телефон ұясынан ажыратып, оны принтердің артқы жағында таңбаланған Факс портына  жалғаңыз.

2. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

3. Модемнің бағдарламалық құралы факстарды компьютерге автоматты түрде алу үшін орнатылған болса, бұл параметрді ажыратыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Модемнің бағдарламалық құралында факсты автоматты түрде қабылдау функциясын өшірмеген болсаңыз, принтер факстарды қабылдай алмайды.


4. **Факс (Факс), Setup (Баптау) және Preferences (Жеке параметрлер)** түймесін түртіңіз.
5. **Авто жауап беру** параметрін қосыңыз.
6. (Қосымша) **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрін төменірек параметрге (екі қоңырау) өзгертіңіз.
7. Факс сынағын іске қосыңыз.

Принтерге қоңырау шалынғанда, принтер **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрінде орнатылған бірнеше қоңыраудан кейін автоматты түрде жауап береді. Принтер факсты қабылдау сигналдарын жіберуші факс құрылғысына шығарып, факсты қабылдайды.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

Принтерді компьютердің DSL/ADSL модемімен реттеу

DSL желісі болса және ол телефон желісін факстарды жіберу үшін қолданатын болсаңыз, факсты орнату үшін осы нұсқауларды орындаңыз.



Кесте 6-10 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Параллель сплиттер.
3	DSL/ADSL сүзгісі. Телефон сымының бір ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз. Сымның екінші ұшын DSL/ADSL сүзгісіне қосыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.
4	Компьютер.
5	Компьютердің DSL/ADSL модемі.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Параллель сплиттерді сатып алу қажет. Параллель сплиттердің алдыңғы жағында бір RJ-11 порты және артқы жағында екі RJ-11 порты бар. 2 сымды телефон сплиттерді, сериялық сплиттерді немесе алдыңғы жағында екі RJ-11 порты бар және артқы жағында ашасы бар параллель сплиттерді қолданбаңыз.

Сурет 6-1 Параллель сплиттер мысалы



Принтерді компьютердің DSL/ADSL модемімен реттеу

1. DSL провайдерінен DSL сүзгісін алыңыз.
2. Телефон сымының бір ұшын DSL сүзгісіне жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

3. DSL сүзгісін параллель сплиттерге қосыңыз.
4. DSL модемін параллель сплиттерге қосыңыз.
5. Параллель сплиттерді ұяға қосыңыз.
6. Факс тексеруді қосыңыз.

Принтерге қоңырау шалынғанда, принтер **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрінде орнатылған бірнеше қоңыраудан кейін автоматты түрде жауап береді. Принтер факсты қабылдау сигналдарын жіберуші факс құрылғысына шығарып, факсты қабылдайды.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

Н жағдайы: Ортақ пайдаланылатын дауыстық/компьютер модемі бар факс желісі

Компьютердегі телефон порттарының санына негізделген принтерді компьютермен бірге орнатуға арналған екі түрлі жол бар. Бастамас бұрын бір немесе екі телефон порттарының болуын қарау үшін компьютерді тексеріңіз.


Ортақ пайдаланылатын дауыстық/компьютерде теру модемі бар факс

Факс және телефон қоңыраулары үшін бірдей телефон желісін қолданып жатсаңыз, факсты орнату үшін осы нұсқауларды қолданыңыз.

Компьютердегі телефон порттарының санына негізделген принтерді компьютермен бірге орнатуға арналған екі түрлі жол бар. Бастамас бұрын бір немесе екі телефон порттарының болуын қарау үшін компьютерді тексеріңіз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Компьютерде тек бір ғана телефон порты болса, суретте көрсетілгендей параллель сплиттерді сатып алу қажет (жалғастырғыш деп те аталады). Параллель сплиттердің алдыңғы жағында бір RJ-11 порты және артқы жағында екі RJ-11 порты бар. Екі сымды телефон сплиттерді, сериялық сплиттерді немесе алдыңғы жағында екі RJ-11 порты бар және артқы жағында ашасы бар параллель сплиттерді қолданбаңыз.

Сурет 6-2 Параллель сплиттер мысалы



Кесте 6-11 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Параллель сплиттер.

Кесте 6-11 Принтердің артқы көрінісі (жалғасы)

Мүмкіндік	Сипаттама
3	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз.
4	Модемді бар компьютер.
5	Телефон.

Принтерді екі телефон порты бар компьютермен бір телефон желісіне орнату

1. Компьютердің артқы жағынан (компьютерде теру модемі) телефон ұясына қосылатын телефон сымын табыңыз. Сымды телефон ұясынан ажыратып, оны принтердің артқы жағында таңбаланған Факс портына  жалғаңыз.
2. Компьютерде теру модемінің артқы жағындағы «OUT» портына телефонды қосыңыз.
3. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

4. Модемнің бағдарламалық құралы факстарды компьютерге автоматты түрде алу үшін орнатылған болса, бұл параметрді ажыратыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Модемнің бағдарламалық құралында факсты автоматты түрде қабылдау функциясын өшірмеген болсаңыз, принтер факстарды қабылдай алмайды.

5. Енді принтердің қоңырауларға автоматты түрде немесе қолмен жауап беретінін шешу қажет:
 - Принтерді қоңырауларға **automatically** (автоматты түрде) жауап беретін етіп орнату үшін, ол барлық кіріс қоңырауларына жауап беріп, факстарды қабылдайды. Бұл жағдайда принтер факс пен дауыстық қоңыраулар арасындағы айырмашылықты ажыратпайды; дауыстық қоңырау екенін сезсеңіз, принтер қоңырауға жауап бермесе бұрын өзіңіздің жауап беруіңіз қажет. Принтерді қоңырауларға автоматты түрде жауап беретін етіп орнату үшін **Авто жауап беру** параметрін қосыңыз.
 - Принтерді факстарға **вручную** (қолмен) жауап беру үшін орнатқан болсаңыз, кіріс факс қоңырауларына жауап беретін адамның болуы қажет, әйтпесе принтер факстарға жауап бере алмайды. Принтерді қоңырауларға қолмен жауап беретін етіп орнату үшін **Авто жауап беру** параметрін ажыратыңыз.
6. Факс тексеруді қосыңыз.


Принтер қоңырауға жауап бермес бұрын телефонды көтеріп, жіберуші факс құрылғысынан факс сигналдарын естісеңіз, факс қоңырауына қолмен жауап беру қажет.

Дауыстық, факс және компьютерде теру модемі үшін телефон желісін қолданып жатсаңыз, факсты орнату мақсатында осы нұсқауларды орындаңыз.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

Ортақ пайдаланылатын дауыстық/компьютерде DSL/ADSL модемі бар факс

DSL/ADSL модемі компьютерде болса, осы нұсқауларды қолданыңыз



Кесте 6-12 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Параллель сплиттер.
3	DSL/ADSL сүзгісі.
4	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.
5	DSL/ADSL модемі.
6	Компьютер.
7	Телефон.



ЕСКЕРТПЕ: Параллель сплиттерді сатып алу қажет. Параллель сплиттердің алдыңғы жағында бір RJ-11 порты және артқы жағында екі RJ-11 порты бар. 2 сымды телефон сплиттерді, сериялық сплиттерді немесе алдыңғы жағында екі RJ-11 порты бар және артқы жағында ашасы бар параллель сплиттерді қолданбаңыз.

Сурет 6-3 Параллель сплиттер мысалы



Принтерді компьютердің DSL/ADSL модемімен реттеу

1. DSL провайдерінен DSL сүзгісін алыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: DSL қызметімен бірдей телефон нөмірін ортақ пайдаланатын үй/кеңсе бөлмесінің басқа бөліктеріндегі телефондарды дауыстық қоңыраулар кезінде шуды шығармас үшін қосымша DSL сүзгілеріне қосу қажет.

2. Телефон сымының бір ұшын DSL сүзгісіне жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

3. Параллель түрдегі телефон жүйесі болса, телефонды принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.
4. DSL сүзгісін параллель сплиттерге қосыңыз.
5. DSL модемін параллель сплиттерге қосыңыз.
6. Параллель сплиттерді ұяға қосыңыз.
7. Факс тексеруді қосыңыз.


Принтерге қоңырау шалынғанда, принтер **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрінде орнатылған бірнеше қоңыраудан кейін автоматты түрде жауап береді. Принтер факсты қабылдау сигналдарын жіберуші факс құрылғысына шығарып, факсты қабылдайды.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

I жағдай: Ортақ пайдаланылатын дыбыстық/жауап беру құрылғысы бар факс желісі

Бұл бөлімде жауап беру құрылғысы бар ортақ пайдаланылатын дыбыстық/факс желісі туралы сипатталған.

Дыбыстық қоңыраулар мен факс қоңырауларын бір телефон нөміріне қабылдайтын болсаңыз және осы телефон нөмірінің дыбыстық қоңырауларына жауап беретін дыбыстық құрылғы бар болса, принтерді осы бөлімде сипатталғандай орнатыңыз.



Кесте 6-13 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.
3	Жауап беру құрылғысы.
4	Телефон (қосымша).

Ортақ пайдаланылатын дауыстық/жауап беру құрылғысы бар факс желісімен принтерді орнату

1. Жауап беру құрылғысын телефон ұясынан ажыратып, оны принтердің артқы жағында таңбаланған Факс портына  қосыңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Жауап беру құрылғысын принтерге тікелей қоспасаңыз, жіберілетін факс құрылғысы шығаратын факс сигналдары жауап беру құрылғысына жазылуы мүмкін және принтер факстарды қабылдай алмауы мүмкін.

2. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.

 **ЕСКЕРТПЕ:** Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

3. (Қосымша) Жауап беру құрылғысында кірістірілген телефон болмаса, конференция үшін жауап беру құрылғысының артқы жағындағы «OUT» портына телефонды қосу қажет болуы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ: Жауап беру құрылғысы сыртқы телефонды қосуға мүмкіндік бермесе, принтерге жауап беру құрылғысы мен телефонды бірдей қосу үшін параллель сплиттерді сатып алуға да болады (жалғастырғыш ретінде де белгілі). Осы қосылымдар үшін қалыпты телефон сымдарын қолданыңыз.

4. **Fax** (Факс), **Setup** (Баптау) және **Preferences** (Жеке параметрлер) түймесін түртіңіз.
5. **Авто жауап беру** параметрін қосыңыз.
6. Жауап беру құрылғысын қоңыраулардың аз санынан кейін жауап беретін етіп орнатыңыз.
7. Принтердегі **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрін принтер арқылы қолдау көрсетілетін қоңыраулардың ең көп санына өзгертіңіз. (Ең үлкен қоңыраулардың саны елге/аймаққа байланысты әр түрлі болады).
8. Факс тексеруді қосыңыз.

Телефон қоңырау шалғанда, орнатылған қоңыраулардың санынан кейін жауап беру құрылғысы жауап беріп, жазылған сәлемдесуді ойнатады. Принтер осы уақытта қоңырауды басқарады, факс сигналдарын «тыңдайды». Кіріс факс сигналдары анықталған болса, принтер факсты қабылдау сигналдарын шығарып, факстарды қабылдайды; факс сигналдары болмаса, принтер желіні басқаруды тоқтатады және жауап беру құрылғысы дыбыстық хабарды жазады.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

Жағдайы: Ортақ пайдаланылатын дауыстық/компьютер модемі және жауап беру құрылғысы бар факс желісі

Бірдей телефон нөміріне дауыстық қоңырауларды және факс қоңырауларын қабылдайтын болсаңыз және осы телефон нөмірінің дауыстық қоңырауларына жауап беретін дыбыстық құрылғы бар болса, принтерді осы бөлімде сипатталғандай орнатыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Компьютерде теру модемі принтермен бірге телефон желісін ортақ пайдалануды бастағаннан бастап, модем мен принтерді бір уақытта бірге қолдана алмайсыз. Мысалы, электрондық пошта хабарын жіберу не Интернетке кіру үшін компьютерде теру модемін қолданып жатқан болсаңыз, принтерді факс жіберу үшін қолдана алмайсыз.

Ортақ пайдаланылатын дауыстық/компьютерде теру модемі және жауап беру құрылғысы бар факс желісі


Компьютердегі телефон порттарының санына негізделген принтерді компьютермен бірге орнатуға арналған екі түрлі жол бар. Бастамас бұрын бір немесе екі телефон порттарының болуын қарау үшін компьютерді тексеріңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Компьютерде тек бір ғана телефон порты болса, суретте көрсетілгендей параллель сплиттерді сатып алу қажет (жалғастырғыш деп те аталады). Параллель сплиттердің алдыңғы жағында бір RJ-11 порты және артқы жағында екі RJ-11 порты бар. Екі сымды телефон сплиттерді, сериялық сплиттерді немесе алдыңғы жағында екі RJ-11 порты бар және артқы жағында ашасы бар параллель сплиттерді қолданбаңыз.

Сурет 6-4 Параллель сплиттер мысалы





Кесте 6-14 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Компьютердегі «IN» телефон порты.
3	Компьютердегі «OUT» телефон порты.
4	Телефон (қосымша).
5	Жауап беру құрылғысы.
6	Модемі бар компьютер.
7	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

Принтерді екі телефон порты бар компьютермен бір телефон желісіне орнату

1. Компьютердің артқы жағынан (компьютерде теру модемі) телефон ұясына қосылатын телефон сымын табыңыз. Сымды телефон ұясынан ажыратып, оны принтердің артқы жағында таңбаланған Факс портына  жалғаңыз.
2. Жауап беру құрылғысын телефон ұясынан ажыратып, оны компьютердің (компьютерде теру модемінің) артқы жағында таңбаланған «OUT» портына қосыңыз.

3. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

4. (Қосымша) Жауап беру құрылғысында кірістірілген телефон болмаса, конференция үшін жауап беру құрылғысының артқы жағындағы «OUT» портына телефонды қосу қажет болуы мүмкін.



ЕСКЕРТПЕ: Жауап беру құрылғысы сыртқы телефонды қосуға мүмкіндік бермесе, принтерге жауап беру құрылғысы мен телефонды бірдей қосу үшін параллель сплиттерді сатып алуға да болады (жалғастырғыш ретінде де белгілі). Осы қосылымдар үшін қалыпты телефон сымдарын қолданыңыз.

5. Модемнің бағдарламалық құралы факстарды компьютерге автоматты түрде алу үшін орнатылған болса, бұл параметрді ажыратыңыз.




ЕСКЕРТПЕ: Модемнің бағдарламалық құралында факсты автоматты түрде қабылдау функциясын өшірмеген болсаңыз, принтер факстарды қабылдай алмайды.

6. **Fax** (Факс), **Setup** (Баптау) және **Preferences** (Жеке параметрлер) түймесін түртіңіз.
7. **Авто жауап беру** параметрін қосыңыз.
8. Жауап беру құрылғысын қоңыраулардың аз санынан кейін жауап беретін етіп орнатыңыз.
9. Принтердегі **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрін өнім арқылы қолдау көрсетілетін қоңыраулардың ең көп санына өзгертіңіз. (Ең үлкен қоңыраулардың саны елге/аймаққа байланысты әр түрлі болады).
10. Факс тексеруді қосыңыз.

Телефон қоңырау шалғанда, орнатылған қоңыраулардың санынан кейін жауап беру құрылғысы жауап беріп, жазылған сәлемдесуді ойнатады. Принтер осы уақытта қоңырауды басқарады, факс сигналдарын «тыңдайды». Кіріс факс сигналдары анықталған болса, принтер факсты қабылдау сигналдарын шығарып, факстарды қабылдайды; факс сигналдары болмаса, принтер желіні басқаруды тоқтатады және жауап беру құрылғысы дыбыстық хабарды жазады.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.



Кесте 6-15 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Параллель сплиттер.
3	DSL/ADSL сүзгісі.
4	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.
5	DSL/ADSL модемі.
6	Компьютер.
7	Жауап беру құрылғысы.
8	Телефон (қосымша).



ЕСКЕРТПЕ: Параллель сплиттерді сатып алу қажет. Параллель сплиттердің алдыңғы жағында бір RJ-11 порты және артқы жағында екі RJ-11 порты бар. 2 сымды телефон сплиттерді, сериялық сплиттерді немесе алдыңғы жағында екі RJ-11 порты бар және артқы жағында ашасы бар параллель сплиттерді қолданбаңыз.

Сурет 6-5 Параллель сплиттер мысалы



Принтерді компьютердің DSL/ADSL модемімен реттеу

1. DSL/ADSL провайдерінен DSL/ADSL сүзгісін алыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: DSL/ADSL қызметімен бірдей телефон нөмірін ортақ пайдаланатын үй/кеңсе бөлмесінің басқа бөліктеріндегі телефондарды дыбыстық қоңыраулар кезінде шуды шығармас үшін қосымша DSL/ADSL сүзгілеріне қосу қажет.

2. Телефон сымының бір ұшын DSL/ADSL сүзгісіне жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

3. DSL/ADSL сүзгісін сплиттерге қосыңыз.
4. Жауап беру құрылғысын телефон ұясынан ажыратып, оны принтердің артқы жағында таңбаланған Факс портына  қосыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Жауап беру құрылғысын принтерге тікелей қоспасаңыз, жіберілетін факс құрылғысы шығаратын факс сигналдары жауап беру құрылғысына жазылуы мүмкін және принтер факстарды қабылдай алмауы мүмкін.

5. DSL модемін параллель сплиттерге қосыңыз.
6. Параллель сплиттерді ұяға қосыңыз.
7. Жауап беру құрылғысын қоңыраулардың аз санынан кейін жауап беретін етіп орнатыңыз.
8. Принтердегі **Жауап берілетін қоңыраулар** параметрін принтер арқылы қолдау көрсетілетін қоңыраулардың ең көп санына өзгертіңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Қоңыраулардың ең көп мөлшері елге/аймаққа байланысты әр түрлі болады.

9. Факс тексеруді қосыңыз.

Телефон қоңырау шалғанда, орнатылған қоңыраулардың мөлшерінен кейін жауап беру құрылғысы жауап беріп, жазылған сәлемдесуді ойнатады. Принтер осы уақытта қоңырауды басқарады, факс сигналдарын «тыңдайды». Кіріс факс сигналдары анықталған болса, принтер факсты қабылдау сигналдарын шығарып, факстарды қабылдайды; факс сигналдары болмаса, принтер желіні басқаруды тоқтатады және жауап беру құрылғысы дыбыстық хабарды жазады.

Дыбыстық, факс және компьютердегі DSL модемі үшін бірдей телефон желісін қолданып жатсаңыз, факсты орнату мақсатында осы нұсқауларды орындаңыз.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

К жағдайы: Ортақ пайдаланылатын дауыстық/компьютерде теру модемі және дауыстық поштасы бар факс желісі

Бірдей телефон нөміріне дауыстық қоңырауларды және факс қоңырауларын қабылдайтын болсаңыз, бірдей телефон желісінде компьютерде теру модемін қолданатын болсаңыз және осы телефон компаниясы

арқылы дауыстық пошта қызметіне де жазылған болсаңыз, принтерді осы бөлімде сипатталғандай орнатыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Факс қоңыраулары үшін қолданылатын бірдей телефон нөмірінде дауыстық пошта қызметі болса, факстарды автоматты түрде қабылдау мүмкін болмайды. Факстарды қолмен қабылдау қажет болады; бұл кіріс факстары қоңырауларына жауап беру үшін сіздің қол жетімді болуыңыз қажет дегенді білдіреді. Оның орнына факстарды автоматты түрде қабылдағыңыз келсе, арнайы қоңырау қызметіне жазылу немесе факс үшін бөлек телефон желісін алу үшін телефон компаниясымен байланысыңыз.


Компьютерде теру модемі принтермен бірге телефон желісін ортақ пайдалануды бастағаннан бастап, модем мен принтерді бір уақытта бірге қолдана алмайсыз. Мысалы, электрондық пошта хабарын жіберу не Интернетке кіру үшін компьютерде теру модемін қолданып жатқан болсаңыз, принтерді факс жіберу үшін қолдана алмайсыз.

Компьютердегі телефон порттарының санына негізделген принтерді компьютермен бірге орнатуға арналған екі түрлі жол бар. Бастамас бұрын бір немесе екі телефон порттарының болуын қарау үшін компьютерді тексеріңіз.

- Компьютерде тек бір ғана телефон порты болса, суретте көрсетілгендей параллель сплиттерді сатып алу қажет (жалғастырғыш деп те аталады). Параллель сплиттердің алдыңғы жағында бір RJ-11 порты және артқы жағында екі RJ-11 порты бар. Екі сымды телефон сплиттерді, сериялық сплиттерді немесе алдыңғы жағында екі RJ-11 порты бар және артқы жағында ашасы бар параллель сплиттерді қолданбаңыз.



- Компьютерде екі телефон порты болса, принтерді келесі сияқты орнатыңыз:



Кесте 6-16 Принтердің артқы көрінісі

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Телефон ұясы.
2	Принтердегі Факс портына  қосу үшін кемінде 26 AWG телефон сымын пайдаланыңыз. Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.
3	Модемi бар компьютер.
4	Телефон.

Принтерді екі телефон порты бар компьютермен бір телефон желісіне орнату

1. Компьютердің артқы жағынан (компьютерде теру модемі) телефон ұясына қосылатын телефон сымын табыңыз. Сымды телефон ұясынан ажыратып, оны принтердің артқы жағында таңбаланған Факс портына  жалғаңыз.
2. Компьютерде теру модемінің артқы жағындағы «OUT» портына телефонды қосыңыз.
3. Телефон сымының бір ұшын телефон ұясына жалғаңыз, содан соң екінші ұшын принтердің артындағы Факс портына  жалғаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Телефон сымын ел/аймақ адаптеріне қосу қажет болуы мүмкін.

4. Модемнің бағдарламалық құралы факстарды компьютерге автоматты түрде алу үшін орнатылған болса, бұл параметрді ажыратыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Модемнің бағдарламалық құралында факсты автоматты түрде қабылдау функциясын өшірмеген болсаңыз, принтер факстарды қабылдай алмайды.

5. **Fax** (Факс), **Setup** (Баптау) және **Preferences** (Жеке параметрлер) түймесін түртіңіз.
6. **Авто жауап беру** параметрін өшіріңіз.
7. Факс тексеруді қосыңыз.

Кіріс факс қоңырауына өзіңіз жауап беру керексіз, әйтпесе принтер факстарды қабылдап алмайды.

Принтерге қосымша жабдықты орнатқанда ақаулықтар туындаса, келесі көмектерді алу үшін жергілікті қызмет жеткізушімен немесе сатушымен байланысыңыз.

Факс орнатылымын сынақтан өткізу

Принтердің күйін тексеру үшін және оның факспен жұмыс істеу үшін дұрыс орнатылғанын тексеру үшін факс теңшелімінің сынағын жасауға болады. Принтерді факс аппараты үшін орнатуды аяқтағаннан кейін осы сынақты орындаңыз. Сынақ келесі әрекеттерді орындайды:

- Факстың аппараттық құралын сынақтан өткізу
- Принтерге телефон сымының тиісті түрі жалғанғанын тексереді
- Телефон сымының дұрыс портқа жалғанын тексереді
- Теру сигналын тексереді

- Белсенді телефон желісін тексереді
- Телефон желісінің байланыс күйін тексереді.

Принтер сынақ нәтижесі көрсетілген есепті басып шығарады. Сынақ орындалмаса, ақаулықты жою жолы туралы ақпарат алу үшін есепті қарап шығып, сынақты қайта орындаңыз.

Факс теңшелімін принтердің басқару тақтасы арқылы сынақтан өткізу

1. Үй немесе кеңсе теңшелімінің нұсқауларына сәйкес факспен жұмыс істеу үшін принтерді орнатыңыз.
2. Картридждердің орнатылғанын және сынақты бастамас бұрын кіріс науасына толық өлшемдегі қағаздың жүктелгенін тексеріңіз.
3. Экранның жоғарғы жағынан Құралдар тақтасын ашу үшін  қойындысын түріп, төмен сүйреңіз де, **Реттеу**  түймесін түртіңіз.
4. **Факсты орнату** түймесін түртіңіз.
5. **Құралдар** түймесін басып, **Выполнить проверку факса** (Факсты сынақтан өткізуді іске қосу) түймесін басыңыз.

Принтер сынақтың күйін дисплейде көрсетеді де, есепті басып шығарады.

6. Есепті қарап шығыңыз.
 - Сынақ орындалып, бірақ әлі де факспен жұмыс істеу кезінде ақаулықтар туындаса, параметрлердің дұрыстығын растау үшін есепте тізімделген факс параметрлерін тексеріңіз. Бос немесе дұрыс емес факс параметрі факспен жұмыс істеу кезінде ақаулар тудыруы мүмкін.
 - Сынақ орындалмаса, табылған ақаулықтарды жою жолы бойынша қосымша ақпаратты алу үшін есепті қараңыз.

7 Принтерді конфигурациялау

Бұл бөлім принтерді конфигурациялау әдісін сипаттайды.

Веб-қызметтерді қолдану

Принтер бұлтқа негізделген инновациялық шешімдерді ұсынады, мысалы кез келген жерде басып шығару, сканерлеу және бұлтқа сақтау және басқа да қызметтер (оның ішінде шығын материалдарын автоматты түрде толықтыру).

Толығырақ ақпарат алу үшін веб-сайтқа өтіңіз: HP Smart вебсайты (admin.hpsmart.com).



ЕСКЕРТПЕ: Бұлтқа негізделген шешімдерді пайдалану үшін принтер интернетке қосылуы керек.

Веб-қызметтерді орнату

1. Веб-қызметтердің параметрлерін реттемес бұрын, принтердің интернетке қосылып тұрғанына көз жеткізіңіз.
2. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
3. **Web Services** (Веб-қызметтер) қойындысын нұқыңыз.
4. Сол жақ мәзірден **Web Services Settings** (Веб-қызметтер параметрлері) астындағы **Printer Pairing** (Принтерді жұптау) опциясын басыңыз.
5. Принтерді жұптастыру үшін **Start Pairing** (Басып шығаруды бастау) түймесін басыңыз.
6. Нұсқау берілсе, принтердің тексеруіне рұқсат етуді таңдап, принтер жаңартуларын орнатыңыз.



ЕСКЕРТПЕ:

- Егер құпиясөз енгізу керек болса, принтер жапсырмасындағы PIN кодын енгізіңіз. [EWS серверіне кірген кезде назар аударатын нәрселер](#) бөлімін қараңыз.
 - Прокси-параметрлеріне нұсқау берілсе және желіңіз прокси-параметрлерді пайдаланса, прокси-серверлерді орнату үшін экрандағы нұсқауларды орындаңыз. Қосымша ақпарат алу үшін желі әкімшісімен немесе желіні орнатқан адаммен байланысыңыз.
7. Принтер HP серверіне қосылғаннан кейін, принтер ақпарат парағын басып шығарады. Веб-қызметтерді орнатуды аяқтау үшін ақпарат парағындағы нұсқауларды орындаңыз.

Принтерді жаңарту

HP компаниясы принтердің өнімділігін жақсарту, ақаулықтарды жою немесе қауіпсіздіктің ықтимал қауіптерінен принтеріңізді қорғау үшін мерзімді жаңартуларды ұсынады.

HP+ принтерлері үшін, принтеріңіз Wi-Fi немесе Ethernet желісіне интернет арқылы қосылған болса, принтер жаңартулар болған кезде автоматты түрде жаңартылады.

HP+ принтерлері үшін автоматты жаңартуды өшіре алмайсыз.

HP принтерінің бағдарламалық құралын ашыңыз (Windows)

HP принтердің бағдарламалық құралы орнатылғаннан кейін операциялық жүйеңізге байланысты келесі әрекеттердің бірін орындаңыз:

- **Windows 10 және одан кейінгі:** Компьютердің жұмыс үстелінен **Бастау** түймесін басып, қолданбалар тізімінен **HP** тармағын таңдаңыз, содан соң принтер атауы бар белгішені таңдаңыз.



ЕСКЕРТПЕ: HP принтерінің бағдарламалық құралын орнатпаған болсаңыз, қажетті бағдарламалық құралды жүктеп алу және орнату үшін hp.com/plus-support сайтына өтіңіз.

Embedded Web Server (EWS) арқылы конфигурациялау

Компьютерден басып шығару функцияларын басқару үшін Embedded Web Server (EWS) пайдаланыңыз.

- принтер күйі туралы ақпаратты көру;
- Тонер жабдықтары туралы ақпарат алу және күйін тексеру
- принтер мен жеткізілімдер туралы хабарландырулар алу;
- Желіні және принтер параметрлерін қарап, өзгерту


Embedded Web Server (EWS) серверіне кіру және пайдалану үшін

Келесі әдістердің бірі арқылы EWS бетін ашуға болады:

- HP Smart қолданбасы
- HP принтерінің бағдарламалық құралы
- IP мекенжайын пайдаланатын веб-браузер
- Wi-Fi Direct Байланысын пайдаланатын веб-браузер

EWS серверіне кірген кезде назар аударатын нәрселер

- Веб-браузерде веб-сайттың қауіпті екендігі туралы хабар көрсетілсе, жалғастыру үшін опцияны таңдаңыз. Веб-сайтқа кіру құрылғыңызға зиян тигізбейді.
- Қауіпсіздік мақсатында принтердің басты бетіндегі немесе EWS серверіндегі кейбір параметрлер құпиясөзбен қорғалған.
 - EWS веб-серверіне алғаш кіргенде, PIN кодын енгізіңіз. Бұл жеке идентификациялық нөмірді (PIN) принтердегі жапсырмадан таба аласыз.
 - Жапсырманы табу үшін картриджге қол жеткізу қақпағын ашыңыз.
 - EWS серверіне кірген соң, құпиясөзді EWS серверінен өзгерте аласыз.



- Принтерді жалғау әдісіне байланысты EWS серверіндегі кейбір мүмкіндіктер қолжетімді болмауы мүмкін.
- EWS желілік брандмауэрден тыс қолжетімді емес.

HP Smart (iOS, Android және Windows 10 және жоғары) көмегімен EWS серверін ашу

1. Компьютерде немесе мобильдік құрылғыда HP Smart қолданбасын ашыңыз. [Басып шығару, сканерлеу және басқару үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз](#) бөлімін қараңыз.
2. HP Smart қолданбасының ішінен принтерді таңдап, **Set Preferences** (Кеңейтілген параметрлер) опциясын түртіңіз немесе басыңыз.

IP мекенжайы арқылы EWS серверін ашу үшін (Wi-Fi немесе Ethernet қосылымы)

1. Принтердің IP мекенжайын табу үшін, принтердің басқару тақтасынан құралдар тақтасын ашу үшін, экранның басқару тақтасы бөлімінің жоғарғы жағындағы  қойындсын түртіп, төмен сүйреңіз, сосын **Info** (Ақпарат) қойындысын түртіңіз.
2. Құрылғыңыздағы веб-браузерді ашыңыз. Мекенжай жолағына IP мекенжайын (экранда немесе бетте көрсетілгендей) жазыңыз, содан кейін құрылғыңыздағы **Enter** пернесін басыңыз.

IP мекенжайы арқылы EWS серверін ашу үшін (Wi-Fi Direct қосылымы)

1. Құрылғының және принтердің Wi-Fi Direct арқылы қосылғанына көз жеткізіңіз. [Бір Wi-Fi желісіне \(Wi-Fi Direct\) қосылусыз басып шығару](#) бөлімін қараңыз.
2. Веб-браузерді ашып, мекенжай жолына принтердің келесі IP мекенжайын немесе хост атауын теріңіз, содан кейін **Enter** пернесін басыңыз немесе түртіңіз.

IP мекенжайы/хост аты: 192.168.223.1

IP желі параметрлерін реттеу

Принтер желісінің параметрлерін конфигурациялау үшін келесі бөлімдерді пайдаланыңыз.

Егер құпиясөз енгізу керек болса, картриджге қол жеткізу аймағындағы жапсырмада көрсетілген PIN кодын енгізіңіз. [EWS серверіне кірген кезде назар аударатын нәрселер](#) бөлімін қараңыз.

Желі параметрлерін қарау немесе өзгерту

IP мекенжайын конфигурациялау параметрлерін көру немесе өзгерту үшін Embedded Web Server (EWS) серверін пайдаланыңыз.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. Желі жөніндегі ақпаратты алу үшін **Network** (Желі) қойындысын нұқыңыз. Қажет болған жағдайда, параметрлерді өзгертіңіз.

Желідегі принтердің атын өзгертіңіз

Ерекше белгілеу мақсатында желідегі принтердің атауын өзгерту үшін, Embedded Web Server (EWS) серверін пайдаланыңыз.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Сеть** (Желі) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **General** (Жалпы) бөлімін басыңыз.
4. **Network Identification** (Желі идентификациясын) басыңыз және хост атауын өзгертіңіз.
5. Қажетті өзгерістерді енгізіңіз де, **Apply** (Қолдану) опциясын басыңыз.

IPv4 TCP/IP параметрлерін қолмен конфигурациялау

IPv4 мекенжайын, бағыныңқы желі маскасын және әдепкі шлюзді қолмен орнату үшін EWS қызметін қолданыңыз.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Сеть** (Желі) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Wired** (Сымды байланыс) түймесін басыңыз.
4. **IPv4 конфигурациясы** түймесін басып, қажетті өзгерістерді енгізіңіз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

Embedded Web Server арқылы жүйенің құпия сөзін тағайындау немесе өзгерту

Рұқсат етілмеген пайдаланушылар принтер параметрлерін өзгерте алмайтын етіп, принтерге және HP Embedded Web Server қолданбасына кіру үшін әкімші құпиясөзін тағайындаңыз.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Security** (Қауіпсіздік) түймесін басыңыз.
4. **Password Settings** (Құпиясөз параметрлері) опциясын басып, қажетті өзгерістерді енгізіңіз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: Құпиясөзді жазып алып, қауіпсіз орында сақтаңыз.

Энергияны үнемдеу параметрлерін өзгерту

Принтерде қуат пен жабдықтарды үнемдейтін бірнеше мүмкіндік бар.

Ұйқы режимі уақытын орнату

Принтер ұйқы режиміне кірмес бұрынғы енжар уақыт мөлшерін орнату үшін EWS қызметін пайдаланыңыз.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Power Management** (Қуатты басқару) түймесін басыңыз.
4. **Sleep Mode** (Ұйқы режимі) опциясын басып, қажетті уақытты таңдаңыз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

Принтерді өшіру уақыты мен параметрлерін өзгерту

Принтер өшірілмес бұрынғы уақыт мөлшерін орнату үшін EWS қызметін орнатыңыз.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Power Management** (Қуатты басқару) түймесін басыңыз.
4. **Shutdown Mode** (Өшіру режимі) опциясын басып, қажетті уақытты таңдаңыз.
5. Өшіру процесін кейінге қалдыру үшін опцияны таңдаңыз немесе өшіріңіз.



ЕСКЕРТПЕ:

- Осы опция таңдалғанда барлық порттар енжар болмайынша, принтер өшірілмейді. Белсенді желі сілтемесі принтерді өшіруге жол бермейді.
 - Әдепкі өшіру уақыты – **4 сағат**.
-

6. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

8 Жабдықтар, қосалқы құралдар мен бөлшектер

Принтер тек түпнұсқа HP картридждерімен жұмыс істейді.

ЕСКЕРТУ: Егер бұл принтерде түпнұсқа HP картриджіне жатпайтын картридждер орнатылса (толтырылған немесе түпнұсқа емес HP картридждерін қосқанда), принтер тиісінше жұмыс істемейді.

Жабдықтарға, керек-жарақтарға және бөлшектерге тапсырыс беру

Бұл тақырып жабдықтарға, керек-жарақтар мен бөлшектерге тапсырыс беру әдісін сипаттайды.

Тапсырыс беру

Кесте 8-1 Тапсырыс беру

Жабдықтарына тапсырыс беру	Қолдау сайттары
Жабдықтар мен қағазға тапсырыс беру	www.hp.com/go/suresupply
Түпнұсқа HP бөлшектеріне немесе керек-жарақтарына тапсырыс беру	www.hp.com/buy/parts
Қызмет көрсету немесе қолдау провайдерлері арқылы тапсырыс беру	HP өкілетті қызметіне немесе қолдау провайдеріне байланысыңыз.
HP Embedded Web Server (EWS) қолданып тапсырыс беріңіз.	Қол жеткізу үшін, компьютердегі қолдау көрсетілетін веб-браузердің мекенжай/URL өрісіне принтердің IP мекенжайын енгізіңіз. EWS құрамында HP компаниясының SureSupply веб-сайтына сілтеме бар, ол түпнұсқалық HP жабдықтарын сатып алу мүмкіндігін береді.



ЕСКЕРТПЕ: HP Smart арқылы да тапсырыс беруіңізге болады. Осы бағдарлама туралы ақпарат алу үшін, [Басып шығару, сканерлеу және басқару үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз](#) қараңыз.

Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар

- А: Стандартты сыйымдылықты қара тонер картриджі.
- X: Жоғары сыйымдылықты алмастырмалы қара тонер картриджі.

Кесте 8-2 Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар

Картридж атауы/нөмірі	Бөлшек нөмірі	Пайдаланылатын елдер
HP 138A Black Original LaserJet тонер картриджі	W1380A	Тек Солтүстік Америка, Австралия және Жаңа Зеландия
HP 138X Black Original LaserJet тонер картриджі	W1380X	Тек Солтүстік Америка, Австралия және Жаңа Зеландия
HP 139A Black Original LaserJet тонер картриджі	W1390A	Тек Еуропа, Швейцария, Ұлыбритания, Ирландия және Израиль*

Кесте 8-2 Қамсыздандыру материалдары және керек-жарақтар (жалғасы)

Картридж атауы/нөмірі	Бөлшек нөмірі	Пайдаланылатын елдер
HP 139X Black Original LaserJet тонер картриджі	W1390X	Тек Еуропа, Швейцария, Ұлыбритания, Ирландия және Израиль*
HP 145A Black Original LaserJet тонер картриджі	W1450A	Латын Америкасы, ISE, Азия-Тынық мұхиты, Африка және Таяу Шығыс (Қытай, Үндістан, Австралия және Жаңа Зеландиядан басқа)
HP 145X Black Original LaserJet тонер картриджі	W1450X	Латын Америкасы, ISE, Азия-Тынық мұхиты, Африка және Таяу Шығыс (Қытай, Үндістан, Австралия және Жаңа Зеландиядан басқа)
HP 146A Black Original LaserJet тонер картриджі	W1460A	Тек Қытай мен Үндістан
HP 146X Black Original LaserJet тонер картриджі	W1460X	Тек Қытай мен Үндістан

*Бұл өнімнің қолданысы жоғарыда көрсетілген аймақтар мен елдерге бөлінген. Алайда мұндағы айтылғандардың ешқайсысы осы аймақтан тыс кез келген елден Еуропалық Экономикалық Аймаққа, Швейцарияға және Біріккен Корольдікке өнімдерді импорттау үшін HP компаниясының берген рұқсаты деп қарастырылмауы керек.

Картридж саясаты функциясын қосу немесе ажырату



ЕСКЕРТПЕ: Осы мүмкіндікті қосу немесе өшіру әкімші құпиясөзін енгізу талап етілуі мүмкін.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Supplies** (Жабдықтар) бөлімін басыңыз, содан кейін **Supply Settings** (Жабдықтау параметрлері) түймесін таңдаңыз.
4. Қажетті опцияны **Cartridge Policy** (Картридж саясатынан) таңдаңыз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

Тонер картриджін ауыстыру

Принтер тек түпнұсқа HP картридждерімен жұмыс істейді.

ЕСКЕРТУ: Егер бұл принтерде түпнұсқа HP картриджіне жатпайтын картридждер орнатылса (толтырылған немесе түпнұсқа емес HP картридждерін қосқанда), принтер тиісінше жұмыс істемейді.


Картридж туралы ақпарат

Тонерді қайта үлестіру рұқсат етілетін баспа сапасына сәйкес келмейінше, басып шығаруды ағымдағы картриджбен жалғастыруыңыз. Тонерді қайта үлестіру үшін, тонер картриджін принтерден шығарып алып, картриджді көлденең білігінен әрі-бері жайлап қозғаңыз. Графикалық кескінді картриджді алмастыру нұсқауларынан қараңыз. Тонер картриджін принтерге қайта салып, қақпақты жабыңыз.

Тонер картридждерін алу және ауыстыру

Тонер картриджінің қызмет мерзімі соңына жақындағанда, тонерді қайта үлестіру жарамды баспа сапасын бере алмай қалғанша ағымдағы баспа картриджімен басуды жалғастыруға болады.


1. Картридж есігін ашып, ескі картриджді шығарып алыңыз.




2. Жаңа картриджді қаптамасынан алыңыз. Пайдаланылған картриджді қайта өңдеуге арналған қалтаға және қорапқа салыңыз.

⚠ ЕСКЕРТУ: Картриджді зақымдап алмау үшін картриджді екі жағынан ұстаңыз. Картридждің қорғаныш қақпағын немесе роликтің бетін ұстамаңыз.


3. Картридждің екі жағын ұстап, картридждің ішінде біркелкі етіп үлестіру үшін картриджді ақырын сілкіңіз.



4. Картриджден қақпақты шығарып алыңыз.



5. Картриджді өнімге салыңыз, содан кейін картридждің қақпағын жабыңыз.



⚠ ЕСКЕРТУ: Киімге тонер жұққан жағдайда оны құрғақ шүберекпен сүртіп, суық суға жуыңыз. Ыстық су тонерді матаға қондырады.

9 Ақауларды шешу

Бұл бөлімде жалпы ақаулардың шешімдері ұсынылған.

HP Smart қолданбасынан да көмек алуға болады. HP Smart принтер мәселелері (қағаз кептелістері және басқа мәселелер) туралы ескертулер, анықтамалық мазмұнға сілтемелер және қосымша көмек алу үшін қолдау қызметіне хабарласу опцияларын ұсынады. Қосымша ақпарат алу үшін [Басып шығару, сканерлеу және басқару үшін HP Smart қолданбасын пайдаланыңыз](#) бөлімін қараңыз.

Егер ұсыныстар мәселелерді шешуге көмектеспесе, қолдау қызметтерінің бірін пайдаланып көмек алуға тырысыңыз, HP support бөлімін қараңыз.

HP қолдау қызметі

Өнімнің жаңа нұсқаларын және қолдау көрсету ақпаратын көру үшін hp.com/plus-support сайтына кіріп, принтеріңізді тауып алыңыз. HP онлайн режимінде қолдау принтерге қатысты түрлі қызметтерді ұсынады:

- **Бағдарламалық құралды және драйверлерді алу:** Принтер үшін қажетті бағдарламалық құралды, драйверлерді және микробағдарламаны жүктеп алыңыз.
- **Қоғамдастықтан сұраңыз:** Шешімдерді табу, сұрақтар қою және кеңестерді бөлісу үшін қоғамдастық форумдарына қосылыңыз.
- **HP диагностикалау құралдары:** Принтерді тексеріп, ұсынылатын шешімдерді табу үшін, HP онлайн режиміндегі құралдарын пайдаланыңыз.

HP қолдау қызметімен хабарласу

Мәселені шешу үшін, HP техникалық қолдау қызметінің өкілінен көмек қажет болса, hp.com/plus-support веб-сайтына кіріңіз. Келесі байланысу түрлері кепілдеме бар тұтынушылар үшін тегін (HP агентінің көрсеткен қызметі кепілдемесі жоқ тұтынушылар үшін ақылы болуы мүмкін):

- HP қолдау көрсету агентімен немесе HP виртуалдық агентімен онлайн сөйлесіңіз.
- HP қолдау қызметінің агентін шақыру.

HP қолдау қызметіне хабарласқан кезде келесі ақпаратты беруге дайын болыңыз:

- өнім аты (принтерде орналасқан);
- Өнім нөмірі (принтердің ішіндегі жапсырмада орналасқан)
- Сериялық нөмірі (принтердің ішіндегі жапсырмада орналасқан)

Принтерді тіркеу

Тіркелу үшін бірнеше минут жұмсау арқылы жылдамырақ қызметті, тиімдірек қолдауды және өнімге қолдау көрсету ескертулерін пайдалануға болады. Бағдарламалық құралды орнатқанда принтерді тіркемеген болсаңыз, оны www.register.hp.com веб-сайтында қазір тіркеуге болады.

Қосымша кепілдік опциялары

Қосымша төлем жасап, принтерге арналған кеңейтілген қызметтік жоспарларды алуға болады. hp.com/plus-support сайтына кіріңіз, елді/аймақты және тілді таңдаңыз, принтеріңізді табыңыз, содан кейін сіздің принтеріңізге арналған қосымша кепілдік опцияларын зерттеңіз.

Қосымша ақпарат

hp.com/plus-support веб-торабына өтіңіз. Елді немесе аймақты таңдаңыз. Өнім атауын енгізіп, **Search** (Іздеу) опциясын таңдаңыз.

Төмендегілер сияқты әртүрлі тапсырмаларды орындау үшін қолжетімді нұсқаулар бар:

- принтердің ақауларын жою;
- әртүрлі қолданбалардан және түрлі құрылғылардан басып шығару;
- қолдау қызметін пайдалану.

Принтерден ең соңғы мүмкіндіктерін алуға көмектесетін құжаттарды, бейнелерді және басқа да көптеген ресурстарды табуға болады.

Принтерде басып шығару мүмкін емес

Бұл тақырып принтер басып шығара алмаған кездегі ақауларды жою жолдарын сипаттайды.

Принтердің интернетке қосылғанына көз жеткізу

Принтердің интернетке қосылғанын тексеріңіз. Егер ажыратылған болса, принтер тиісінше жұмыс істемейді.

Принтеріңіз кейде интернеттен ажыратылуы мүмкін (мысалы, электр қуаты өшіп қалады, желіге немесе маршрутизаторға қатысты мәселелер немесе пайдаланылмаған кезде принтерді өшіріп тастағанда). Принтер ажыратылған кезде беттердің шектеулі санын басып шығара аласыз, бірақ басып шығаруды жалғастыру үшін принтерді қайта қосу өте маңызды.

Түпнұсқа HP картридждерін пайдаланғаныңызға көз жеткізіңіз

Түпнұсқа HP картридждерін пайдаланып отырғаныңызды тексеріңіз. Түпнұсқа HP картридждері HP компаниясының HP орамында шығарылады және сатылады. HP+ принтерлері үшін түпнұсқа HP картридждері қажет. Түпнұсқа емес HP жабдықтары немесе толтырылған картридждер орнатылса, HP+ принтерлері тиісінше жұмыс істемейді.

Принтердің параметрлері мен күйін тексеріңіз

 **КЕҢЕС:** Принтерді сымсыз реттеу үшін [Принтерді HP бағдарламалық құралы арқылы Wi-Fi желісіне жалғаңыз](#) бөлімін қараңыз.

Егер әлі де басып шығару мүмкін болмаса, HP қолдау көрсету веб-сайтына hp.com/plus-support кіріңіз

Веб-қызметтерді орнату мүмкін емес

Принтерді пайдалану үшін ол әрдайым интернетке қосылып тұруы керек және веб-қызметтерді іске қосу керек.

[Веб-қызметтерді орнату туралы қосымша ақпарат алыңыз.](#)

Принтер есептерін басып шығару

Бұл тақырып есептерді EWS және принтердің басқару тақтасы арқылы басып шығару әдісін сипаттайды.

Принтердің басқару панелінен есепті басып шығару

1. Принтер дисплейінің Басты экранында **Реттеу**  түймесін түртіңіз.
2. Төменге жылжып, **Reports** (Есептер) түймесін түртіңіз.
3. Төмен түсіп, басып шығарылатын есепті таңдаңыз.

Есепті EWS серверінен басып шығару

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Құралдар** қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Reports** (Есептер) түймесін басыңыз.
4. Қалаған есепті басып шығару үшін **Printer Reports** (Принтер есептері) түймесін басыңыз.

Принтер есептері

Кесте 9-1 Принтер есептері

Принтер есебі	Сипаттама	Басып шығару жолы
Printer Status Report (Принтер күйі туралы есеп)	Printer Status Report (Принтер күйі туралы есеп) қазіргі принтер туралы ақпараттан, Жабдықтардың күйінен және соңғы іс-шаралар туралы ақпараттан тұрады. Ол принтердегі ақауларды түзетуге көмектеседі.	Принтердің басқару панелінен есепті басып шығару бөлімін қараңыз.
Желі конфигурациясының беті (сымсыз үлгілер)	Конфигурация есебінде IP параметрлері, порттар/қызметтер күйі, Wi-Fi желілерінің тізімі жазылады. Сондай-ақ онда Wi-Fi Direct-ке қажетті мәліметтер, оның ішінде SSID атауы, IP мекенжайы, Wi-Fi Direct Printing функциясының қосулы/өшірулі күйі, Wi-Fi Direct Printing қауіпсіздігінің қосулы/өшірулі күйі және қауіпсіздік құпия коды болады.	Принтердің басқару панелінен есепті басып шығару бөлімін қараңыз.
Сымсыз желіні тексеру есебі (сымсыз модельдерде)	Сымсыз желіні тексеру есебінде диагностикалық ақпарат болады, ол әдетте ақауларды түзетуге қажетті құрал ретінде қолданылады. Есепте принтердің радио/STA жиілігі мен үйдегі желінің Wi-Fi маршрутизаторы арасында байланыс мәселесі бар екенін көрсетіледі.	Принтердің басқару панелінен есепті басып шығару бөлімін қараңыз.
Вебке кіру сынағының есебі	Веб-қызметтерге әсер ететін интернет байланысының ақауларын анықтауға көмектесу үшін вебке кіру туралы есепті басып шығарыңыз.	Принтердің басқару панелінен есепті басып шығару бөлімін қараңыз.
Веб-қызмет туралы ақпарат беті	Веб-қызметтері күйіне байланысты веб-қызметтер веб-қызметтерді қосуға, веб-қызметтерді орнатуға, қосылым мәселелерін түзетуге және т.б. әрекеттерді орындауға көмектесу үшін әртүрлі нұсқауларды береді.	1. EWS ашыңыз. Embedded Web Server (EWS) арқылы конфигурациялау бөлімін қараңыз. 2. Web Services (Веб-қызметтер) қойындысын нұқыңыз. 3. Сол жақ мәзірден Web Services Settings (Веб-қызметтер параметрлері) бөлімін басыңыз. 4. Ақпарат бетін басып шығару үшін Ақпарат бетін басып шығару опциясын басыңыз.

Кесте 9-1 Принтер есептері (жалғасы)

Принтер есебі	Сипаттама	Басып шығару жолы
Туралауды реттеу бойынша сынақ парағы	Принтер туралау бетін басып шығарады.	1. EWS ашыңыз. Embedded Web Server (EWS) арқылы конфигурациялау бөлімін қараңыз. 2. Settings (Параметрлер) қойындысын басыңыз. 3. Сол жақ мәзірден Preferences (Жеке параметрлер) опциясын басыңыз. 4. Image Registration (Суретті тіркеу) функциясын басып, қажетті өзгерістерді енгізіңіз. 5. Apply (Қолдану) түймесін басыңыз.

Түпнұсқа зауыттық әдепкі мәндер мен параметрлерді қалпына келтіру

Бұл тақырып бастапқы зауыттық әдепкі реттеулер мен параметрлерді қалпына келтіру әдісін сипаттайды. Төменде зауыттық әдепкі параметрлерді қалпына келтіруді қажет етуі мүмкін кейбір жағдайлар берілген.

- Егер кейбір функцияларды өшірсеңіз немесе кейбір параметрлерді өзгертсеңіз және өзгертуді қайтарғыңыз келсе, онда принтердің бастапқы зауыттық параметрлерін немесе желі параметрлерін қалпына келтіруге болады.
- Принтерге немесе желі параметрлеріне өзгеріс енгізген болсаңыз, принтердің бастапқы зауыттық параметрлерін немесе желілік параметрлерді қалпына келтіре аласыз.
- Принтерді алғаш қосқаныңызға екі сағаттан көп уақыт өткенмен, принтердің сымсыз байланыс параметрлерін әлі орнатпаған болсаңыз, принтердің желілік параметрлерін қалпына келтіру арқылы желілік параметрлерді орнату режиміне қойыңыз. Параметрлерді орнату режимі екі сағатқа созылады.

Принтердің желі параметрлерін қалпына келтіру арқылы желі байланысындағы ақауларды түзете аласыз. Принтердің желі параметрлерін қалпына келтіретін болсаңыз, принтерді желіге қайта жалғауыңыз керек.

EWS сервері арқылы принтердің әдепкі параметрлерін қалпына келтіру

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Restore Defaults** (Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру) функциясын басыңыз.
4. Зауыттық әдепкі параметрлерді қалпына келтіру опциясын таңдаңыз.
5. Параметрлерді қалпына келтіру үшін осы түймені басыңыз.

Принтер автоматты түрде қайта іске қосады.

EWS сервері арқылы желінің әдепкі параметрлерін қалпына келтіру

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Restore Defaults** (Әдепкі параметрлерді қалпына келтіру) функциясын басыңыз.

4. Желі параметрлерін бастапқы күйге қайтару үшін осы опцияны таңдаңыз.
5. Параметрлерді қалпына келтіру үшін осы түймені басыңыз.

Принтер автоматты түрде қайта іске қосады.

Принтердің басқару панелінен желі параметрлерін қалпына келтіру

1. Құралдар тақтасын ашу үшін принтер дисплейінің Басты экранының жоғарғы жағындағы  қойындысын түртіңіз немесе төмен сырғытыңыз, содан кейін **Реттеу**  түймесін түртіңіз.
2. **Printer Maintenance (Принтерге техникалық қызмет көрсету)** түймесін түртіңіз.
3. **Restore (Қалпына келтіру)** түймесін түртіңіз.
4. Бастапқы күйге қайтаруға қажетті опцияны немесе параметрлерді таңдаңыз.
Параметрдің қалпына келтірілгенін көрсететін хабар пайда болады.
5. Бастапқы күйге қайтару немесе жалғастыру үшін осы түймені басыңыз.

Принтердің басқару тақтасындағы желі параметрлерін қалпына келтіру

1. Құралдар тақтасын ашу үшін принтер дисплейінің Басты экранының жоғарғы жағындағы  қойындысын түртіңіз немесе төмен сырғытыңыз, содан кейін **Реттеу**  түймесін түртіңіз.
2. **Желі орнату** түймесін басыңыз.
3. **Restore Network Settings (Желі параметрлерін қалпына келтіру)** түймесін түртіп, экрандағы нұсқауларды орындаңыз.



ЕСКЕРТПЕ:

- Желі конфигурациясының бетін басып шығаруыңызға және желі параметрлері бастапқы күйге қайтарылғанына көз жеткізуіңізге болады.
- Принтердің желі параметрлерін бастапқы күйге қайтарғанда, бұған дейін конфигурацияланған желі параметрлері (сілтеме жылдамдығы немесе IP мекенжайы сияқты) жойылады.
IP мекенжайы қайтадан Автоматты режиміне орнатылады.
- Жалпы принтер ақауларын түзетуге көмектесе алатын ақпарат пен қызметтік бағдарламаларды hp.com/plus-support сайтынан қарай аласыз.
- (Windows) Басып шығару қателерін анықтап, автоматты түрде түзету үшін [HP Print and Scan Doctor](#) бағдарламасын іске қосыңыз. Бағдарлама кейбір тілдерде ғана қолжетімді.

Картридж аз

Бұл тақырып картридждерді өте төмен параметрлерде басқару әдісін сипаттайды.

Cartridge is low (Картридж деңгейі төмен)

Картридждің қалған нақты қызмет мерзімі басқаша болуы мүмкін. Баспа сапасы нашарлағанда, орнына салынатын баспа картриджін дайындап қойыңыз. Картриджді әзірше ауыстыру қажет емес.

Тонерді қайта үлестіру рұқсат етілетін баспа сапасына сәйкес келмейінше, басып шығаруды ағымдағы картриджбен жалғастыруыңыз. Тонерді қайта үлестіру үшін, тонер картриджін принтерден шығарып алып, картриджді көлденең білігінен әрі-бері жайлап қозғаңыз. Графикалық кескінді картриджді алмастыру нұсқауларынан қараңыз. Тонер картриджін принтерге қайта салып, қақпақты жабыңыз.

Cartridge is very low (Картридж деңгейі өте төмен)

Картридждің қалған нақты қызмет мерзімі басқаша болуы мүмкін. Баспа сапасы нашарлағанда, орнына салынатын баспа картриджін дайындап қойыңыз. Баспа сапасы нашар болмаса, картриджді қазір ауыстырудың қажеті жоқ.

HP тонер картриджі «Very Low» (Өте төмен) деңгейіне жеткенде, HP компаниясының тонер картриджіне арналған премиум қорғау кепілдігінің мерзімі аяқталады.

«Very Low» (Өте төмен) параметрлерін өзгерту

EWS сервері арқылы принтердің жабдықтар параметрлерін өзгерту

Жабдықтар Very Low (Өте төмен) күйіне жеткенде принтер орындайтын әрекеттерді өзгертуге болады. Осы параметрлерді жаңа тонер картриджін орнатқанда қайта орнатудың қажеті жоқ.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Supplies** (Жабдықтар) түймесін басыңыз.
4. **Supply Settings** (Жабдықтау параметрлері) түймесін басып, қажетті опцияларды таңдаңыз.
5. **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

Жабдықтарына тапсырыс беру

Кесте 9-2 Жабдықтарына тапсырыс беру

Тапсырыс беру	HP қолдау қызметі
Жабдықтар мен қағазға тапсырыс беру	www.hp.com/go/suresupply
Қызмет көрсету немесе қолдау провайдерлері арқылы тапсырыс беру	HP өкілетті қызметіне немесе қолдау провайдеріне байланысыңыз.
HP Embedded Web Server (EWS) қолданып тапсырыс беріңіз.	Кіру үшін қолдау көрсетілетін компьютерде мекенжай/URL жолағына принтердің IP мекенжайын енгізіңіз. EWS құрамында HP компаниясының SureSupply веб-сайтына сілтеме бар, ол түпнұсқалық HP жабдықтарын сатып алу мүмкіндігін береді.

Қағаз берілмеуде және қағаз алу қатесі бар

Бұл тақырып қағаздың дұрыс берілмеу мәселелерін қалай шешуге жолдарын сипаттайды.

Принтер қағазды тартып алмайды

Егер принтер кіріс науадан қағазды тартып алмаса, осы шешімдерді орындаңыз.

1. Принтерді ашып, кептелген парақтарды шығарып алыңыз.
2. Тапсырма үшін науаға дұрыс қағаз өлшемін салыңыз.

3. Қағаз өлшемі мен түрі дұрыс орнатылғанын тексеріңіз.
4. Науадағы қағаз бағыттағыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Бағыттауыштарды науадағы тиісті ойықтарына келтіріңіз.



ЕСКЕРТПЕ: Егер мәселе шешілмесе, hp.com/plus-support және принтеріңізді табыңыз қағазға қатысты мәселелерді шешу туралы толығырақ ақпарат алыңыз.

Принтер бірнеше қағаз парақтарын тартып алады

Егер принтер бірнеше қағаз парағын кіріс науасынан тартып алса, осы шешімдерді орындаңыз.

1. Кіріс науасынан қағаз бумасын алып тастап, 180 градусқа айналдырыңыз да, бұрыңыз. Кіріс науасына қағаздар бумасын қайтарыңыз.
2. Осы өнім үшін HP қағаз ерекшеліктеріне сай келетін қағазды ғана пайдаланыңыз.
3. Мыжылмаған, бүгілмеген немесе бүлінбеген қағазды пайдаланыңыз. Егер қажет болса, басқа бумадағы қағазды пайдаланыңыз.
4. Кіріс науасының шамадан тыс толтырылмағанын тексеріңіз. Егер солай болса, науадан қағаздар жинағын шығарыңыз, жинақты тікейтіп, кіріс науасына аздап қағаз салыңыз.
5. Науадағы қағаз бағыттағыштары қағаздың өлшеміне қарай дұрыс реттелгенін тексеріңіз. Бағыттауыштарды науадағы тиісті ойықтарына келтіріңіз.
6. Басып шығару ортасы ұсынылған техникалық сипаттамалар шегінде болуын тексеріңіз.

Принтер қағазды айқастырылған түрде алады

Егер принтер парақтарды айқас немесе сәл көлбеу күйде алса, келесі шешімдерді қолданып көріңіз.

1. Кіріс науасын толығымен тартып шығарыңыз.
2. Сол және оң жақ бағыттағыштарды саусақтарыңызбен реттеп, қағаздың кіріс науаның ұшына біркелкі тиіп тұрғанына көз жеткізіңіз.
3. Кіріс науасын орнына қайта салыңыз.

Қағаз кептелістерін жою

Бұл тақырып кептелістер мен қағаз беру мәселелерін шешуге көмектеседі.

Кіріспе

Келесі ақпарат принтердегі қағаз кептелістерін тазалау туралы нұсқауларды қамтиды.

Бастамас бұрын




ЕСКЕРТУ:

- Кептелістер бірнеше жерде болуы мүмкін.
- Кептелген қағаздарды алу үшін қысқыштар немесе сүйір атауыздар сияқты өткір заттарды пайдаланбаңыз. Өткір заттардан туындаған зақым кепілдемеде қамтылмауы мүмкін.

- Кептелген тасығышты алған кезде,оны өнімнен тікелей тартып шығармаңыз. Кептелген тасығышты өнімнен бұрышымен тартып шығарып алу өнімге зақым келтіруі мүмкін.
- Қағазды жыртып алмау үшін кептелген қағазды екі қолмен шығарыңыз.

Кептеліс орындары

Кептелулер өнімдегі келесі орындарда болуы мүмкін.



Кесте 9-3 Кептеліс орындары

Мүмкіндік	Сипаттама
1	Картриджге кіру аймағы
2	Кіріс науасы
3	Құжатты беретін құрал
4	Артқы кіру есігі

Қағаз жиі немесе қайта-қайта кептеліп қала ма?

Жиі қағаз кептелістері бар мәселелерді шешу үшін мына қадамдарды орындаңыз. Егер бірінші қадам мәселені шешпесе, мәселе шешілгенше келесі қадамға өте беріңіз.

1. Егер принтерде қағаз кептелсе, кептелісті тазалап, принтерді тексеру үшін сынақ бетін басып шығарыңыз.
2. Науа дұрыс қағаз өлшемі мен түріне конфигурацияланғанын тексеріңіз.
 - a. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
 - ә. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
 - б. Сол жақ мәзірден **Preferences** (Жеке параметрлер) опциясын басыңыз.
 - в. **Tray** (Науа) және **Paper Management** (Қағазды басқару) түймесін басып, параметрлерді тексеріңіз.
3. Принтерді өшіріп, 30 секунд күтіңіз де, оны қайтадан қосыңыз.


4. Принтердің ішінен артық тонерді тазалау үшін [Тазалағыш бетті басып шығару](#)
5. Принтерді сынау үшін бір бетті басып шығарып көріңіз.

Егер осы қадамдардың ешқайсысы ақаулықты жоймаса, принтерге қызмет көрсету қажет болуы мүмкін. Қолдау қызметіне хабарласыңыз.


Кіріс науасындағы қағаз кептелістерін тазалау

1. Кіріс науасын алып тастаңыз.


Науаны толық шығарып алыңыз, қажет болса, науаны принтерден шығарып алу үшін оны аздап қисайтыңыз немесе көтеріңіз.



2. Принтердің астындағы кіріс науасы аймағын тексеріңіз. Кептелген қағазды алыңыз.



3. Орнына түскенше кіріс науасын қайта кіргізіңіз.




Картриджге қол жеткізу аймағынан кептелген қағазды шығару


1. Картриджге кіру есігін ашыңыз.





ЕСКЕРТПЕ: Кептелген қағаз орналасқан орынға байланысты келесі қадамдардың кейбірінің қажет болмауы мүмкін.




2. Картриджді шығарып алмас бұрын, шығыс науа аймағында кептеліп қалған қағазды алып тастаңыз. Кептелген қағаз көрініп тұрса, оны абайлап ұстаңыз да, шығыс науа аймағынан ақырын тартыңыз.





3. Иіңтіректі босатып, кептелген қағазды тартып шығарыңыз.



4. Тонер картриджін алыңыз да, кептелген қағазды тартып шығарыңыз.




5. Тонер картриджін қайта орнатыңыз, иінтіректі бұғаттаңыз, содан кейін картриджге қол жеткізу есігін жабыңыз.




Құжат бергіштегі кептелген қағазды алу


1. Құжатты беретін құралдың қақпағын ашыңыз.



2. Кептелген қағазды алыңыз. Қағазды жыртып алмау үшін кептелген қағазды екі қолмен шығарыңыз.




3. Құжатты беретін құралдың қақпағын жабыңыз.




Принтердің артындағы кептелген қағазды алу

1. Артқы есігін ашыңыз.



2. Кептеліп қалған қағазды көрсеңіз, оны абайлап ұстап, принтерден баяу тартып шығарып алыңыз.



3. Артқы қол жеткізу есігін жабыңыз.



Басып шығару сапасын жақсарту

Бұл тақырып басып шығару сапасына қатысты мәселелерді шешуге көмектеседі.

Кіріспе

Келесі ақпарат баспа сапасының мәселелері және келесі мәселелерді шешу үшін ақаулықтарды жою қадамдарын қамтамасыз етеді:

- Дақтар
- Анық емес баспа
- Күңгірт баспа
- Жеңіл басып шығару
- Жолақтар
- тонер жоқ;

- Тонердің шашыраған нүктелері
- Бекітілмей қалған тонер
- жағылған суреттер;

Осы немесе басқа баспа сапасының мәселелерін шешу үшін келесі шешімдерді берілген ретпен қолданып көріңіз.

Белгілі бір кескін ақауларын шешу туралы ақпаратты [Басып шығару сапасының ақауларын шешу](#) бөлімінен қараңыз.

Әртүрлі бағдарламалық құралдан басып шығару

Әртүрлі бағдарламалық құралдан басып шығарып көріңіз. Егер бет дұрыс басып шығарылса, мәселе сіз басып шығару үшін қолданатын бағдарламалық құралда болғаны.

Егер парақ дұрыс басып шығарылмаса, принтерді жаңартып көріңіз де, қайта басып шығарыңыз. [Принтерді жаңарту](#) бөлімін қараңыз.

Баспа тапсырмасы үшін қағаз түрінің параметрін тексеру

Бағдарламадан басып шығарғанда және басылған беттерде жағылулар, анық емес немесе күңгірт басып шығару, оралған қағаз, кездейсоқ орналасқан тонер дақтары, шашыраңқы тонер немесе тонер жоқ шағын аумақтар бар болса, қағаз түрі параметрін тексеріңіз.

Принтердегі қағаз түрінің параметрін тексеру

Науаға дұрыс қағаз түрі жүктелгенін тексеріп, растаңыз.

Қағаз түрінің параметрін тексеру (Windows)

1. Бағдарламалық құралдан **Print** (Басып шығару) опциясын таңдаңыз.
2. Принтерді таңдап, **Set Preferences** (Жеке параметрлерді орнату) түймесін басыңыз.
3. Қағаз параметрлерін тексеріңіз.

Қағаз түрінің параметрін тексеру (OS X)

1. **File** (Файл) мәзірін таңдап, **Print** (Басып шығару) опциясын басыңыз.
2. **Printer** (Принтер) мәзірінде принтерді таңдаңыз.
3. Әдепкіде принтер драйвері **Copies & Pages** (Көшірмелер мен беттер) мәзірін көрсетеді. Мәзірлердің ашылмалы тізімін ашыңыз да, **Finishing** (Аяқтау) мәзірін басыңыз.
4. **Media Type** (Медиа түрі) ашылмалы тізімінен бір түрді таңдаңыз.

Тонер картриджінің күйін тексеру

Есептелген қызмет мерзімі аяқталғалы жатқан тонер картриджін пайдаланғанда басып шығару сапасының мәселелері орын алуы мүмкін. Конфигурация есебі жабдықтың деңгейі өте төмен екенін көрсетеді.

HP тонер картриджі «Very Low» (Өте төмен) деңгейіне жеткенде, HP компаниясының тонер картриджіне арналған премиум қорғау кепілдігінің мерзімі аяқталады.

Басып шығару сапасы жарамды деңгейде болса, тонер картриджін әзірше ауыстырудың қажеті жоқ. Баспа сапасы нашарлағанда, орнына салынатын баспа картриджін дайындап қойыңыз.

Ақпарат беті принтер, оның қосылу мүмкіндігі, жабдықтарының күйі және қосалқы картридж нөмірі туралы ақпарат ұсынады.

1. Жабдықтардың күйін EWS серверінен немесе принтердің басқару панелінен тексеріңіз. Принтердің басқару панелінен экранның жоғарғы жағындағы  қойындысын түртіп немесе төмен сырғытып, Құралдар тақтасын ашыңыз, содан кейін **Toner** (Тонер) опциясын түртіңіз. EWS ашу үшін [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.

2. Түпнұсқа HP картриджін пайдаланып жатқаныңызды көру үшін тексеріңіз.

Түпнұсқалық HP тонер картриджінде «HP» сөзі немесе HP логотипі бар. HP картриждерін анықтау туралы қосымша ақпаратты www.hp.com/go/learnaboutsupplies веб-сайтынан қараңыз.

Тазалағыш бетті басып шығару

Басып шығару процесінің барысында қағаз, тонер және шаң бөлшектері принтер ішінде жиналуы мүмкін және тонер дақтары немесе шашырауы, жағылу, жолақтар, сызықтар немесе қайталанатын таңбалар сияқты баспа сапасының мәселелерін тудыруы мүмкін.

EWS серверінен тазалау бетін басып шығару үшін мына процедураны пайдаланыңыз.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Құралдар** қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Utilities** (Утилиталар) опциясын басып, **Print Quality Toolbox** (Басып шығару сапасы құралдар тақтасын) таңдаңыз.
4. **Clean the Fuser** (Термофиксаторды тазалау) аймағында **Start** (Бастау) түймесін басып, тазалау процесін бастаңыз.

Тонер картриджін көзбен тексеру

Тонер картриджін тексеру үшін төмендегі қадамдарды орындаңыз.

1. Картриджді принтерден шығарып, тығыздағыш таспаның алынғанын тексеріңіз.
2. Жад микросхемасының бұзылмағанын тексеріңіз.
3. Тонер картриджінде қандай да бір зақым байқалса, оны ауыстырыңыз.
4. Тонер картриджін қайта орнатып, проблеманың шешілгеніне көз жеткізу үшін бірнеше бетті басып шығарыңыз.

Қағазды және басып шығару ортасын тексеру

Бұл тақырып қағаз сапасына қатысты мәселелерді шешу жолдары мен басып шығару ортасын сипаттайды.

Бірінші қадам: HP техникалық сипаттамаларына сай келетін қағазды пайдалану

Баспа сапасының кейбір ақаулары HP техникалық сипаттамаларына сай келмейтін қағазды пайдаланудан туындайды.

- Әрқашан принтер қолдау көрсететін қағаз түрін және салмағын қолданыңыз.
- Жақсы сападағы және қиылған, кесілген, жыртылған жерлері, дақтары, бос бөлшектері, шаңы, мыжылған, бос орындары, қалпырмалары және бұралған немесе бүктелген шеттері жоқ қағазды қолданыңыз.

- Бұрын басып шығарылмаған қағазды қолданыңыз.
- Жылтыр сияқты металдан жасалған материалды қамтымайтын қағазды пайдаланыңыз.
- Лазерлі принтерлерде қолдануға арналған қағазды пайдаланыңыз. Тек сиялы принтерлерде қолдануға арналған қағазды пайдаланбаңыз.
- Өте қатты емес қағазды қолданыңыз. Жұмсағырақ қағазды пайдалану әдетте ең жақсы баспа сапасын береді.

Екінші қадам: Қоршаған ортаны тексеру

Қоршаған орта баспа сапасына тікелей әсер етуі мүмкін және ол баспа сапасы немесе қағазды азайту мәселелерінің ортақ себебі болып табылады. Келесі шешімдерді орындап көріңіз:

- Принтерді ашық терезелер немесе есіктер немесе желдеткіш саңылаулары сияқты жобаланған жерлерден алыс жылжытыңыз.
- Принтердің принтер техникалық сипаттамаларынан тыс температурада немесе ылғалдылыққа шығарылмағанын тексеріңіз.
- Принтерді шкаф сияқты жабық орынға қоймаңыз.
- Принтерді берік, тегіс бетке қойыңыз.
- Принтердегі желдеткіштерді бітеп тастайтын нәрсені алып тастаңыз. Принтер жоғарғы жағына қоса, барлық жағынан жақсы ауа ағынын талап етеді.
- Принтерді ауадағы қоқыстардан, шаңнан, будан, майдан немесе принтердің ішіндегі қалдықты қалдыруы мүмкін басқа элементтерден қорғаңыз.

Басып шығару тығыздығын реттеу

Баспа тығыздығын реттеу үшін келесі қадамдарды орындаңыз.

1. EWS ашыңыз. [Embedded Web Server \(EWS\) арқылы конфигурациялау](#) бөлімін қараңыз.
2. **Settings** (Параметрлер) қойындысын басыңыз.
3. Сол жақ мәзірден **Preferences** (Жеке параметрлер) опциясын басыңыз.
4. **General Printer Settings** (Жалпы принтер параметрлері) түймесін басыңыз, содан кейін **Advanced** (Қосымша) түймесін басыңыз.
5. **Print Density** (Басып шығару тығыздығы) бөлімінде қажетті өзгерістерді енгізіп, **Apply** (Қолдану) түймесін басыңыз.

Басып шығару сапасының ақауларын шешу

Бұл тақырып кескін ақауларына қатысты мәселелерді шешу жолдарын сипаттайды.

Кіріспе



Келесі ақпарат кескін кемшілігінің мәселелері және келесі кемшіліктерді дұрыстау үшін ақаулықтарды жою қадамдарын қамтамасыз етеді:

- Жеңіл басып шығару


- Сұр өң немесе күңгірт басып шығару
- бос беттер;
- қара беттер;
- күңгірт немесе ашық жолақтар;
- күңгірт немесе ашық қабаттар;
- тонер жоқ;
- жағылған суреттер;
- Реттелмейтін түстер
- бүктелген қағаз.

Басып шығару сапасы мәселелерін жою

Кесте 9-4 Сурет ақаулары кестесі жылдам анықтамасы

Сурет ақаулары	Сурет ақаулары	Сурет ақаулары
Кесте 9-5 Жеңіл басып шығару 	Кесте 9-6 Сұр өң немесе күңгірт басып шығару 	Кесте 9-7 Бос бет – басып шығару жоқ 
Кесте 9-8 Қара бет 	Кесте 9-9 Біріктіру ақаулары 	Кесте 9-10 Қабат ақаулары 

Кесте 9-4 Сурет ақаулары кестесі жылдам анықтамасы (жалғасы)

Сурет ақаулары	Сурет ақаулары	Сурет ақаулары
Кесте 9-11 Бекіту / термобекіткіш ақаулары	Кесте 9-12 Кескінді орналастыру ақаулары	Кесте 9-13 Шығару ақаулары
		

Сурет ақауларын әдетте бірдей қадамдармен шешуге болады. Сурет ақауы мәселелерін шешетін бастапқы нүкте ретінде келесі қадамдарды пайдаланыңыз.

1. Құжатты қайта басып шығарыңыз. Баспа сапасының ақаулары табиғатта үзіліспен берілуі мүмкін немесе басып шығаруды жалғастыру арқылы толығымен жойылып кетуі мүмкін.
2. Картридждің жағдайын тексеріңіз. Егер картридж **Very Low** (Өте төмен) күйінде болса (есептелген мерзімі өткен), картриджді ауыстырыңыз.
3. Драйвер және науа басып шығару режимі параметрлері науаға жүктелген медиаға сәйкес екендігін тексеріңіз. Басқа медиа жинағын немесе басқа науаны пайдаланып көріңіз. Басқа басып шығару режимін пайдаланып көріңіз.
4. Принтер қолдау көрсетілетін жұмыс температурасы/ылғалдылық ауқымында екендігін тексеріңіз.
5. Қағаз түрі, өлшемі және салмағы принтерге сәйкес келетінін тексеріңіз. Қолдау көрсетілетін қағаз өлшемдері мен түрлері жазылған тізімді мына жерден таба аласыз: hp.com/plus-support және принтеріңізді тауып алыңыз.



ЕСКЕРТПЕ: «Біріктіру» термині тонер қағазға бекітілген басып шығару процесінің бір бөлігін білдіреді.

Келесі мысалдар алдымен принтердің қысқа шегінен өткен хат өлшеміндегі қағазды бейнелейді.

Кесте 9-5 Жеңіл басып шығару

Сипаттама	Мысал	Ықтимал шешімдер
Жеңіл басып шығару: Беттің бүкіл бетіндегі басылған мазмұн ашық немесе нашар.		1. Құжатты қайта басып шығарыңыз. 2. Картриджді алып, тонерді қайта тарату үшін шайқаңыз. 3. Картридж дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. 4. Жабдықтардың күйін EWS серверінен немесе принтердің басқару панелінен тексеріңіз. Принтердің басқару панелінен экранның жоғарғы жағындағы  қойындысын түртіп немесе төмен сырғытып, Құралдар тақтасын ашыңыз, содан кейін Toner (Тонер) опциясын түртіңіз. EWS серверін ашыңыз. Embedded Web Server (EWS) арқылы конфигурациялау бөлімін қараңыз. 5. Тонер картриджін ауыстыру. 6. hp.com/plus-support егер мәселе шешілмесе бөліміне кіріңіз.

Кесте 9-6 Сұр өң немесе күңгірт басып шығару

Сипаттама	Мысал	Ықтимал шешімдер
Сұр өң немесе күңгірт басып шығару: Кескін немесе мәтін күтілгеннен қоңыр.		1. Науалардағы қағаз принтер арқылы әлдеқашан өткенін тексеріңіз. 2. Басқа қағаз түрін пайдаланыңыз. 3. Құжатты қайта басып шығарыңыз. 4. Тек монохромды үлгілер: Принтердің EWS серверінен Adjust Toner Density (Тонер тығыздығын реттеу) мәзіріне өтіп, одан кейін тонер тығыздығын төмен деңгейге реттеңіз. 5. Принтер қолдау көрсетілетін жұмыс температурасы және ылғалдылық ауқымында екендігін тексеріңіз. 6. Тонер картриджін ауыстыру. 7. Мына веб-бетке кіріңіз: hp.com/plus-support егер мәселе шешілмесе.

Кесте 9-7 Бос бет – басып шығару жоқ

Сипаттама	Мысал	Ықтимал шешімдер
Бос бет – басып шығару жоқ: Бет толығымен бос және басып шығарылған мазмұнды қамтымайды.		1. Картридж түпнұсқалы HP картридждері екендігін тексеріңіз. 2. Картридж дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. 3. Басқа картриджбен басып шығарыңыз. 4. Қағаз науасындағы қағаз түрін тексеріп, принтер параметрлерін сәйкестендіріңіз. Қажет болса, ашық қағаз түрін таңдаңыз. 5. Мына веб-бетке кіріңіз: hp.com/plus-support егер мәселе шешілмесе.

Кесте 9-8 Қара бет

Сипаттама	Мысал	Ықтимал шешімдер
Қара бет: Бүкіл басып шығарылған бет қара.		1. Зақымды тексеру үшін Тонер картриджін көзбен тексеру. 2. Картридж дұрыс орнатылғанына көз жеткізіңіз. 3. Тонер картриджін ауыстыру. 4. Мына веб-бетке кіріңіз: hp.com/plus-support егер мәселе шешілмесе.


Кесте 9-9 Біріктіру ақаулары

Сипаттама	Мысал	Ықтимал шешімдер
Қайталанатын кең жолақты серіппелі және импульстік жолақтар: Бет ұзындығын қайталайтын қара немесе ашық сызықтар. Олар табиғатында өткір немесе жұмсақ болуы мүмкін. Ақау басып шығарылатын мазмұны жоқ мәтінде немесе бөлімдерде емес, толтыру аймақтарында ғана көрсетіледі.		1. Құжатты қайта басып шығарыңыз. 2. Тонер картриджін ауыстыру. 3. Басқа қағаз түрін пайдаланыңыз. 4. Мына веб-бетке кіріңіз: hp.com/plus-support егер мәселе шешілмесе.


Кесте 9-10 Қабат ақаулары

Сипаттама	Мысал	Ықтимал шешімдер
Жеңіл тік сызықтар: Әдетте парақтың ұзындығын ұзартатын жеңіл жолақтар. Ақау басып шығарылатын мазмұны жоқ мәтінде немесе бөлімдерде емес, толтыру аймақтарында ғана көрсетіледі.		1. Құжатты қайта басып шығарыңыз. 2. Картриджді алып, тонерді қайта тарату үшін шайқаңыз. 3. Мына веб-бетке кіріңіз: hp.com/plus-support егер мәселе шешілмесе. ЕСКЕРТПЕ: Баспа ортасы температураның немесе ылғалдылықтың белгілі бір ауқымынан тыс болған кезде, жарық және қараңғы тік сызықтар пайда болуы мүмкін. Рұқсат етілген температура мен ылғалдылық деңгейі үшін принтердің қоршаған орта ерекшеліктерін қараңыз.
